

"Қазақстан Халық Банкінің өмірді сақтандыру бойынша
"Халық-Life" еншілес компаниясы" акционерлік қоғамы
Басқармасының шешімімен
мақұлданды
(2018 жылғы 25 қазандағы № 121 отырыс хаттамасы)

"Қазақстан Халық Банкінің өмірді сақтандыру бойынша
"Халық-Life" еншілес компаниясы" акционерлік қоғамы
Директорлар кеңесінің шешімімен
бекітілді
(2018 жылғы 01 қарашадағы № 65 отырыс хаттамасы)

Пайдаға қатысатын өмірді топтық аралас сақтандыру ҚАҒИДАСЫ

Бұл электронды көшірме бекітілген құжаттың көшірмесі болып табылады. Құжат 2018 жылғы 01 қарашадан бастап күшіне енеді. Осы құжат басып шығарылған түрінде ақпарат үшін пайдаланылады. Құжат көшірмесін куәландыру үшін, ПББ-қа хабарласу қажет.

Құжаттың мазмұны

1-бөлім. Жалпы ереже.....	5
1-тарау. Мақсаты және қолдану саласы	5
2-тарау. Терминдер және қысқартулар	5
2-бөлім. Сақтандыру шартының ерекшеліктері.....	8
3-тарау. Осы Қағидаға сәйкес жасалатын сақтандыру шартының ерекшеліктері.....	8
3-бөлім. Пайдаға қатысатын өмірді топтық аралас (жинақтаушы) сақтандыру	9
4-тарау. Сақтандыру жағдайы	9
5-тарау. Сақтандыру шартының мәні.....	9
6-тарау. Сақтандыру шартын жасау тәртібі.....	9
7-тарау. Медициналық тексеру	10
8-тарау. Сақтанушыны ауыстыру	10
9-тарау. Сақтандырылушы және оны ауыстыру тәртібі.....	10
10-тарау Пайда алушы және оны ауыстыру тәртібі.....	10
11-тарау. Сақтандыру шартының әрекет мерзімі мен орны, сақтандыру арқылы қорғаудың әрекет кезеңі.....	11
12-тарау. Сақтандыру сомасын белгілеу тәртібі	11
13-тарау. Сақтандыру сыйлықақысының (сақтандыру жарнасының) мөлшері, төлеу тәртібі және мерзімдері.....	11
14-тарау. Сақтандыру сыйлықақысын төлеу мерзімін кешіктіру	11
15-тарау. Сақтандыру шартының әрекетін қалпына келтіру	12
16-тарау. Сақтандыру шартын тоқтату талаптары	12
17-тарау. Сатып алу сомасы	13
18-тарау. Пайдаға қатысу	13
19-тарау. Сақтандыру төлемінің мөлшері және жүзеге асыру тәртібі.....	14
20-тарау. Сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтанушының әрекеттері және сақтандыру жағдайының басталғанын растайтын құжаттардың тізбесі	15
21-тарау. Тараптардың құқықтары мен міндеттері.....	16
22-тарау. Сақтандырушыны сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босату негіздері.....	17
23-тарау. Сақтандыру шартына өзгертулер мен толықтырулар енгізу тәртібі	18
24-тарау. Сақтанушының орналасқан немесе тұрғылықты жерінің өзгеруі	18
4-бөлім Жазатайым жағдай нәтижесінде Сақтандырылушының қайтыс болуы жағдайында сақтандыру	18
25-тарау. Сақтандырылушының қайтыс болуына алып келген жазатайым жағдайдан сақтандырудың негізгі ережесі және ерекшеліктері.....	18
26-тарау. Сақтандыру жағдайы.....	18
27-тарау. Сақтандыру жағдайына жатпайтын және сақтандыруды шектейтін жағдайлар	18
28-тарау. Сақтандыру жағдайының басталғанын растайтын құжаттардың тізбесі.....	19

29-тарау. Сақтандыру сомасының және сақтандыру төлемінің мөлшері.....	19
5-бөлім. Жазатайым жағдай нәтижесінде Сақтандырылушының дене жарақаттарын алуы жағдайында сақтандыру	20
30-тарау. Сақтандырылушыға дене жарақаттарының келтірілуіне алып келген жазатайым жағдайдан сақтандырудың негізгі ережесі және ерекшеліктері.....	20
31-тарау. Сақтандыру жағдайы.....	20
32-тарау. Сақтандыру жағдайына жатпайтын және сақтандыруды шектейтін жағдайлар	20
33-тарау. Сақтандыру сомасының және сақтандыру төлемінің мөлшері.....	21
34-тарау. Сақтанушының (Пайда алушының) әрекеттері және тараптардың өзара қатынастарына қатысты өзге де ереже.....	22
6-бөлім. Жазатайым жағдай нәтижесінде Сақтандырылушының уақытша еңбекке жарамсыздығы жағдайында сақтандыру	22
35-тарау. Сақтандырылушының уақытша еңбекке жарамсыздығына алып келген жазатайым жағдайдан сақтандырудың негізгі ережесі және ерекшеліктері.....	22
36-тарау. Сақтандыру жағдайы.....	23
37-тарау. Сақтандыру жағдайына жатпайтын және сақтандыруды шектейтін жағдайлар	23
38-тарау. Сақтандыру сомасының және сақтандыру төлемінің мөлшері. Сақтандыру төлемін жүзеге асыру тәртібі және мерзімдері.....	24
39-тарау. Сақтандыру жағдайының басталғанын растайтын құжаттардың тізбесі.....	24
7-бөлім. Жазатайым жағдай нәтижесінде Сақтандырылушыға мүгедектік белгіленген жағдайда сақтандыру	25
40-тарау. Жазатайым жағдай нәтижесінде Сақтандырылушыға мүгедектік белгіленген жағдайда сақтандырудың негізгі ережесі және ерекшеліктері.....	25
41-тарау. Сақтандыру жағдайы.....	25
42-тарау. Сақтандыру жағдайына жатпайтын және сақтандыруды шектейтін жағдайлар	25
43-тарау. Сақтандыру сомасының және сақтандыру төлемінің мөлшері. Сақтандыру төлемін жүзеге асыру тәртібі және мерзімдері.....	26
44-тарау. Сақтандыру жағдайының басталғанын растайтын құжаттардың тізбесі.....	26
8-бөлім. Жазатайым жағдай нәтижесінде Сақтандырылушының ауруханаға жатқызылуына алып келген жағдайда сақтандыру	27
45-тарау. Сақтандырылушының ауруханаға жатқызылуына алып келген жазатайым жағдайдан сақтандырудың негізгі ережесі және ерекшеліктері.....	27
46-тарау. Сақтандыру жағдайы.....	27
47-тарау. Сақтандыру жағдайына жатпайтын және сақтандыруды шектейтін жағдайлар	28
48-тарау. Сақтандыру сомасының және сақтандыру төлемінің мөлшері. Сақтандыру төлемін жүзеге асыру тәртібі және мерзімдері.....	28
49-тарау. Сақтандыру жағдайының басталғанын растайтын құжаттардың тізбесі.....	29
9-бөлім. Сақтандырылушыны ауыр сырқаттануы жағдайында сақтандыру.....	29

50-тарау. Сақтандырылушыны ауыр сырқаттануы жағдайында сақтандырудың негізгі ережесі және ерекшеліктері	29
51-тарау. Сақтандыру жағдайы.....	29
52-тарау. Ауыр сырқаттар	29
53-тарау. Сақтандыру жағдайына жатпайтын жағдайлар	30
54-тарау. Сақтандыру сомасының және сақтандыру төлемінің мөлшері. Сақтандыру төлемін жүзеге асыру тәртібі және мерзімдері.....	31
55-тарау. Сақтандыру жағдайының басталғанын растайтын құжаттардың тізбесі.....	32
10-бөлім. Қорытынды ереже	33
56-тарау. Дауды шешу тәртібі.....	33
57-тарау. Қосымша талаптар.....	33

1 -бөлім. Жалпы ереже

1-тарау. Мақсаты және қолдану саласы

1. «Қазақстан Халық Банкінің өмірді сақтандыру бойынша «Халық-Life» еншілес компаниясы» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Сақтандырушы), осы Пайдаға қатысатын өмірді топтық аралас сақтандыру Қағидасына сәйкес (бұдан әрі – Сақтандыру қағидасы), заңды және жеке тұлғалармен пайдаға қатысатын өмірді топтық аралас сақтандыру шарттарын (бұдан әрі – Сақтандыру шарты/сақтандыру шарты) жасайды.

2. Осы Сақтандыру қағидасының көшірмесі Сақтандыру шартын жасау кезінде Сақтанушыға беріледі.

2-тарау. Терминдер және қысқартулар

3. Осы Сақтандыру қағидасында осы Сақтандыру қағидасын іске асыру мақсатында қолданылатын келесі терминдер мен олардың анықтамалары қолданылады:

1) **актуарий** – уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген актуарийлерді оқытудың ең аз міндетті бағдарламасы бойынша емтихан тапсырған жеке тұлға;

2) **еңбекке қабілеттілігінен уақытша айырылу (уақытша еңбекке жарамсыздық)** – еңбекке қабілеттілігін қалпына келтіруге немесе мүгедектікті белгілеуге қажет уақыт ішінде кәсіби еңбекті орындай алмағандықтан міндеттер бұзылатын аурулармен немесе жаракатпен ескертілген адам ағзасының жағдайы;

3) **Пайда алушы** – сақтандыру шартының талаптарына сәйкес сақтандыру төлемін алушы болып табылатын тұлға;

4) **сатып алу сомасы** – сақтандыру шартының әрекеті мерзімінен бұрын тоқтатылған кезде сақтанушы алуға құқылы ақша сомасы. Сақтандыру талаптарын іске асыру мақсатында сатып алу сомасына қатысты келесі ұғымдар пайдаланылуы мүмкін:

а. **сатып алу сомасы** – сақтандыру шартының әрекеті мерзімінен бұрын тоқтатылған кезде Сақтанушы алуға құқылы кепілдік берілген ақша сомасы;

б. **бонустық сақтандыру сомасы** – сақтандыру шартының әрекеті мерзімінен бұрын тоқтатылған кезде Сақтанушы алуға құқылы, осы Сақтандыру қағидасына сәйкес Сақтандырушының пайдасына қатысудан келіп түсетін сақтандыру дивидендтерінің мөлшеріне байланысты анықталатын, сақтандыру шартында кепілдік берілмеген ақша сомасы;

5) **сақтандыру шартының жылдығы** – сақтандыру арқылы қорғау әрекеті кезеңіне сәйкес келетін күн, оның күні мен айы полис шығарылған күнге және айға сәйкес келеді;

6) **сақтандыру шарты** – Сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын/сақтандыру жарнасын төлеуге міндеттенетін, ал Сақтандырушы сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтанушыға немесе пайдасына Шарт жасалған өзге тұлғаға Шартта белгіленген сақтандыру сомасы шегінде сақтандыру төлемін жүзеге асыруға міндеттенетін тараптардың жазбаша келісімі.

Сақтандыру шарты осы Сақтандыру қағидасындағы жеке ереженің, сондай-ақ сақтандыру шартын жасау кезінде анықталатын қосымша талаптардың өзгертілуін, алынып тасталуын көздеуі мүмкін.

7) **Сақтандырылушы** – сақтандыру жүзеге асырылатын жеке тұлға;

8) **жалған мәліметтер** – Сақтанушы/Сақтандырылушы сақтандыру өтінішінде ұсынған, сақтандыру шарты жасалатын күнге шындыққа сәйкес келмейтін (сақтандыру объектісі туралы шын деректерге), сақтандыру тәуекелін бағалау кезінде сақтандыру жағдайының басталуына және ықтимал залалдың мөлшеріне әсер етуі мүмкін болатындай сақтандыру объектісі туралы мәліметтер, оған сәйкес Сақтандырушы сақтандыру шарты бойынша сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуға құқылы;

9) **жазатайым жағдай** – адамның ерік-жігеріне қарамастан басталған, Сақтандырылушының денсаулығына зиян келуіне, мертігуіне не қайтыс болуына алып келген, оның ағзасына сырттан механикалық, электрлік, химиялық немесе термикалық әсер етуі нәтижесінде кенеттен болған, қысқа мерзімді оқиға (жағдай);

10) **спорттық жарыс** – бірнеше қатысушының (командалардың) жарысқа қатысуын көздейтін, регламенті, қатысу қағидасы және жарысты ұйымдастыруға қажет басқа да белгілері бар ұйымдық іс-шара;

11) Осы Сақтандыру қағидасына сәйкес, Сақтандырылушының қауіпті (экстремалды) әрекеттері келесіні білдіреді:

- гидроциклмен жарысу, оны айдау, міну; гидроцикл (суда жүзетін мотоцикл) – су бетінде глиссирлеу арқылы қозғалуға арналған, ішкі жағы жанатын тұрақты қозғалтқышы бар жылдам дербес су көлігі (жүзу құралы);

- тауға шығу туризмі (альпинизм);
- парашютпен секіру;
- "серіппелі ағашаяқпен" — джампермен жүгіру және секіру;
- вейкбордпен, маунтинбордингпен жүру, міну (скейтбордингтің түрлері, тақтаның дөңгелектері үлкен, табиғи ландшафтқа мінуге болады);

- матадан жасалған қанаты бар арнайы костюммен ұшу (Вингсьютинг);
- желкенді тақталармен түсу, жарысу, міну;
- арнайы велосипедтерде трюктер немесе кросс орындау (Bicycle Moto Cross (BMX));
- суға аквалангпен тереңдеу;
- дельтапланмен, мотodelьтапланмен және олардың түрлерімен ұшу;
- қырдан мөлдір шармен (зорбе) түсу;
- спортшы сүйреткіш ауа жыланын (кайт) ұстап тұратын және басқаратын ауырлық күшінің әсерімен су бетінде қозғалу;

- жүзу құралдарының көмегінен өзен арнасын меңгеру;
- бір орындық шағын кемеде (қайықта) ағызу;
- асфальт бетімен ұзын тақтада түсу (скейтке қарағанда жылдамырақ және бірқалыптырақ тебу үшін);

- таудан арнайы велосипедпен түсу (Маунтинбайк);
- парапланмен, мотопарапланмен және олардың түрлерімен ұшу;
- Pogo stick ("Шегіртке") секіру, сондай-ақ серіппесі, тұтқасы, басқысы мен негізгі платформасы бар секіруге арналған құрылғы – пого-стик деген атаумен белгілі;
- табиғи және (немесе) жасанды кедергілерден өтетін үрленетін қайықпен тау өзендерімен ағызу;

- жоғары объектілерден арнайы сақтандыру жібiмен секіру (Роуп-джампинг, банджи-джампинг, "тарзанка");

- биік ғимараттардың шығуға қиын және қауіпті төбелеріне сақтандырусыз шығу;
- сёрфинг тақтасын немесе қысқа ласттарды және арнайы қолғаптарды қолдана отырып толқынмен сырғанау;

- адамның құралдары қалыпты емес күш жаттығуларын орындауы, мысалы, автокөлікті көтеру (күш экстрим);

- табиғи немесе жасанды рельефке шығу (Құзға шығу);
- скейтбордта (аунақшалы тақта) трюк орындау;
- қар басқан баурайдан және таудан арнайы шаңғымен, арнайы құралмен, сноубордпен түсу, тебу;

- шаңғыдағы, сноубордтағы немесе конькидегі ұстап тұратын кайттың көмегімен қар басқан жерлерде немесе мұзда сырғанау;

- құмда сноубордпен жүру. Көбінесе құм карьерінде немесе шөл далада жүзеге асырылады;
- үңгірден өту туризмі (спелеология);
- мотоциклді трюк жасай отырып айдау;
- кедергілерді велосипед, мотоцикл немесе жүк көлігі арқылы меңгеруге байланысты спорт шараларына қатысу (Триал);

- асфальт баурайдан арнайы құралмен түсу (фрибордпен);
- трюкті орындай отырып шығыршықты коньки тебу (Роллерблейдинг);
- әдетте, дайын тас жолынан тыс табиғи қырдан және таудан түсу, міну (фрирайд: тау шыңғысы және сноуборд, вело фрирайд);

- жекпе-жек – жеңімпазды анықтау мақсатында екі қатысушы аяқаста тек дене күшін немесе әртүрлі спорт жабдығын және/немесе суық қаруды пайдалана отырып, бір-біріне білекпен қарсыласатын спорт жарысының түрі;

- аңшылық,

- атқа міну және кез келген жануарды пайдалана отырып жүру,
- әуе шарымен, аэростатпен, планермен және олардың түрлерімен ұшу;
- авто-мото және әуе спорт сабақтарының барлық түрлері;
- кез келген спорт жарыстарына қатысу;
- сондай-ақ жоғарыда аталған әрекет түрлері мен спорт сабақтарының өзге де барлық түрлері;

12) **сақтандыру объектісі** – Сақтандырылушының сақтандыру шартында белгіленген сақтандыру мерзімінің соңына дейін өмір сүруіне, қайтыс болуына және сақтандыру жағдайының басталуы салдарынан Сақтандырылушының өміріне және денсаулығына зиян келтірілуіне байланысты Сақтанушының (Пайда алушының) мүліктік мүддесі. Сақтанушының заңға қарсы мүддесі сақтандырылмауы тиіс;

13) **кейінге қалдыру** – Сақтанушы мерзімі өткен сақтандыру жарнасын төлеуге міндетті, ұзақтығы кемінде 30 күнтізбелік күн болатын кезең. Мұндай сақтандыру жарнасы мерзімі өткен болып есептелген күннен бастап, яғни басталған күнге дейін Сақтанушы кезекті сақтандыру жарнасын төлеуге міндетті болатын күннен бастап кемінде отыз күнтізбелік күн;

14) **Сақтанушы** – Сақтандырушымен сақтандыру шартын жасаған заңды немесе жеке тұлға;

15) **сақтандыру төлемі** – сақтандыру жағдайы басталған кезде не сақтандыру шартында белгіленген мерзім басталған кезде, Сақтандырушы Пайда алушыға сақтандыру сомасы аясында төлейтін ақша сомасы

16) **сақтандыру сыйлықақысы (сақтандыру жарнасы)** – Сақтандырушы Пайда алушыға сақтандыру шартында белгіленген мөлшерде сақтандыру төлемін жүргізу міндеттемелерін қабылдағаны үшін Сақтанушы оған төлеуге міндетті ақша сомасы. Сақтандыру шартында сақтандыру сыйлықақысын төлеу мерзімді сақтандыру жарнасы түрінде бөліп жүргізіледі;

17) **сақтандыру сомасы** – сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандыру объектісі сақтандырылған және Сақтандырушы жауапкершілігінің шекті көлемінен тұратын ақша сомасы. Сақтандыру талаптарын іске асыру мақсатында, сақтандыру сомасына қатысты келесі ұғымдар пайдаланылуы мүмкін:

а. **сақтандыру сомасы** – сақтандыру шартында кепілдік берілген сома;

б. **бонустық сақтандыру сомасы** – сақтандыру шартының талаптарына сәйкес сақтандыру дивидендтерінің мөлшеріне байланысты анықталатын, сақтандыру шартында кепілдік берілмеген қосымша сақтандыру сомасы;

18) **сақтандыру мүддесі** – Сақтанушының (Сақтандырылушының, Пайда алушының) сақтандыру жағдайының тәуекелін болдырмауға және басталуына жол бермеуге мүліктік мүддесі;

19) **сақтандыру жағдайы** – басталған кезде сақтандыру шарты сақтандыру төлемін сақтандыру шартының талаптарында көзделген тәртіпте жүзеге асыруды көздейтін оқиға;

20) **сақтандыру дивидендтері** – Сақтандырушыда инвестициялық қызметтен келіп түсетін пайданы үлестіру арқылы Сақтанушыға тиесілі және бонустық сақтандыру сомасының шамасына қосымша сақтандыру арқылы қорғауды сатып алу үшін сақтандыру шарты бойынша есептелген сақтандыру шартында кепілдік берілмеген ақша сомасы;

21) **Сақтандырушы** – сақтандыруды жүзеге асыратын, яғни сақтандыру жағдайы басталған кезде не сақтандыру шартында анықталған кезең аяқталғаннан кейін Пайда алушыға шартта анықталған сақтандыру сомасы шегінде сақтандыру төлемін жүргізуге міндетті "Қазақстан Халық Банкінің өмірді сақтандыру бойынша "Халық-life" еншілес компаниясы» акционерлік қоғамы;

22) **дене жарақаттары** - Сақтандырылушының ағзасына сырттан механикалық, термикалық, электрлік немесе химиялық әсер етуі нәтижесінде туындайтын, жалпы тіннің, органдардың немесе барлық ағзаның зақымдануы.

4. Қысқартулар:

1) ДКК - дәрігерлік-консультациялық комиссия;

1) Сақтандыру шарты – Пайдаға қатысатын өмірді топтық аралас сақтандыру шарты;

2) Сақтандыру қағидасы – Пайдаға қатысатын өмірді топтық аралас сақтандыру қағидасы;

3) Компания – "Қазақстан Халық Банкінің өмірді сақтандыру бойынша "Халық-life" еншілес компаниясы" акционерлік қоғамы.

2-бөлім. Сақтандыру шартының ерекшеліктері

3-тарау. Осы Қағидаға сәйкес жасалатын сақтандыру шартының ерекшеліктері

5. 3-бөлімде көрсетілген талаптар пайдаға қатысатын өмірді аралас (жинақтаушы) сақтандыруға қатысты қолданылады. Тараптардың келісімі бойынша сақтандыру шартына 3-бөлімде берілген талаптарға қосымша ретінде сақтандырудың қосымша талаптары кіргізілуі мүмкін.

6. Егер сақтандыру шартында сақтандыру шартына қосымша сақтандыру көзделгенде ғана, сақтандыру шартының қосымша талаптары әрекет етеді. Сақтандырудың қосымша талаптарына келесілер кіреді:

1) осы Сақтандыру қағидасының 4-бөлімінде көрсетілген, жазатайым жағдай нәтижесінде Сақтандырылушының қайтыс болуы жағдайында сақтандыру;

2) осы Сақтандыру қағидасының 5-бөлімінде көрсетілген, жазатайым жағдай нәтижесінде Сақтандырылушының дене жарақатын алуы жағдайында сақтандыру;

3) осы Сақтандыру қағидасының 6-бөлімінде көрсетілген, жазатайым жағдай нәтижесінде Сақтандырылушының уақытша еңбекке жарамсыздығы жағдайында сақтандыру;

4) осы Сақтандыру қағидасының 7-бөлімінде көрсетілген, жазатайым жағдай нәтижесінде Сақтандырылушыға бірінші немесе екінші топтағы мүгедектік белгіленген жағдайда сақтандыру;

5) осы Сақтандыру қағидасының 8-бөлімінде көрсетілген, жазатайым жағдай нәтижесінде Сақтандырылушының ауруханаға жатқызылу жағдайында сақтандыру;

6) осы Сақтандыру қағидасының 9-бөлімінде көрсетілген Сақтандырылушының ауыр сырқаттарының диагнозы бірінші рет қойылған жағдайында сақтандыру (бұдан әрі – Сақтандырылушының ауыр сырқатының жағдайында сақтандыру).

7. Сақтанушы сақтандыру шартының қосымша талаптарын бірге де, әрқайсысын бөлек те таңдай алады.

8. Сақтандыру шартына қосымша талаптарды кіргізу үшін, Сақтанушы бұл туралы Сақтандырушы белгілеген үлгі бойынша сақтандыру өтінішінде Сақтандырушыға көрсетуге міндетті. Сақтандырушы сақтандыру шартына қосымша талапты кіргізуге келіскен кезде, сақтандыру шарты сақтандырудың қосымша талаптары көрсетіле отырып жасалады.

9. Сақтандыру шарты жасалғаннан кейін сақтандыру шартына қосымша талаптарды кіргізу үшін, Сақтанушы бұл туралы Сақтандырушыға жеке (қосымша) өтініште көрсетуге міндетті. Сақтандырушының шартқа қосымша талаптың кіргізілуіне келісімі болған кезде, Тараптар тиісті мәліметтер көрсетілген қосымша келісімді жасайды. Осы тармақтың талабы Сақтандырылушының ауыр сырқаттануы жағдайында сақтандыруға қатысты қосымша талаптарға таратылмайды.

10. Осы Сақтандыру қағидасының 4-9-бөлімдерінде өзгеше тікелей көзделген жағдайды қоспағанда, оның 3-бөлімінде көрсетілген ереже аталған бөлімдердің ережесіне қолданылады.

11. Сақтандырушы шартындағы қосымша талаптардың әрекеті:

1) сақтандыру шартының әрекеті аяқталған немесе тоқтатылған;

2) осы Сақтандыру қағидасында белгіленген талаптарда сақтандыру жарнасының төлемі мерзімінен бұрын тоқтатылған;

3) Сақтанушы Сақтандырушыға сақтандыру шартының қосымша талабын алып тастау туралы өтінішті берген;

4) сақтандыру шартының талаптары бойынша тиесілі сақтандыру жарнасы толық көлемде төленбеген;

5) осы Сақтандыру қағидасының 5, 6 және 8-бөлімдерінде көрсетілген сақтандырудың қосымша талаптары бойынша сақтандыру төлемдерін қоспағанда, сақтандырудың қосымша талаптары бойынша сақтандыру төлемі жүзеге асырылған;

6) Сақтандырылушы 70 жасқа толған (Сақтандырылушы 65 жасқа толғанда әрекеті тоқтатылатын осы Сақтандыру қағидасының 9-бөлімінде көрсетілген қосымша талапты қоспағанда) сәттен бастап тоқтатылады.

12. Кез келген жағдайда, осы Сақтандыру қағидасының 4-9 бөлімдерінде көрсетілген талаптар пайдаға қатысатын өмірді топтық аралас (жинақтаушы) сақтандыру бойынша сақтандыру шартының талаптарына қатысты қосымша талаптар болып табылады (осы Сақтандыру қағидасының 3-бөлімі) және аталған соңғы талаптарсыз сақтандыру шартына кіргізілмейді.

13. Сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын (сақтандыру жарнасын) сақтандыру шартында көзделген мөлшерде, тәртіпте және мерзімдерде толық көлемде төлеген кезде, қосымша талаптар Сақтандыру шартында көрсетілген мерзім ішінде әрекет етеді.

14. Қосымша талаптар әрекеті тоқтатылған кезде, мұндай сақтандыруға қатысты сатып алу сомасының төлемі жүргізілмейді.

3-бөлім. Пайдаға қатысатын өмірді топтық аралас (жинақтаушы) сақтандыру

4-тарау. Сақтандыру жағдайы

15. Сақтандыру шарты бойынша келесі жағдайлар сақтандыру жағдайы болып табылады:

- 1) сақтандыру арқылы қорғау әрекеті кезеңінде Сақтандырылушының қайтыс болуы;
- 2) Сақтандырылушының сақтандыру мерзімінің соңына дейін өмір сүруі.

5-тарау. Сақтандыру шартының мәні

16. Сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын (сақтандыру жарнасын) сақтандыру шартында көзделген мөлшерде, тәртіпте және мерзімдерде төлеуге міндетті.

17. Сақтандыру жағдайы басталған кезде, Сақтандырушы сақтандыру төлемін сақтандыру шартында көзделген мөлшерде, тәртіпте және мерзімдерде жүзеге асыруға міндетті.

6-тарау. Сақтандыру шартын жасау тәртібі

18. Сақтандыру шартын жасау үшін, Сақтандырушы белгілеген үлгі бойынша сақтандыру өтінішін Сақтанушы Сақтандырушыға ұсынуға, сондай-ақ егер бұл жағдайлар Сақтандырушыға белгілі болмаса немесе белгілі болмауы тиіс болса, сақтандыру өтінішінде (не сақтандыру шартымен байланысты өзге де құжатта) Сақтанушыға сақтандыру жағдайының басталу ықтималын белгілеу үшін айтарлықтай маңызы бар мәліметтерді хабарлауға міндетті. Сақтандыру тәуекелін бағалау кезінде Сақтандырушының Сақтанушыға шарт жасалатын кезеңде жіберілген жазбаша сақтандыру өтінішінде немесе жазбаша сұратуларында көрсетілген, осы Сақтандыру қағидасында анық ескертілген сақтандыру жағдайының басталу мүмкіндігіне және ықтимал залалдың мөлшеріне әсер етуі мүмкін болатын жағдайлар кез келген жағдайда маңызды болып табылады.

19. Егер сақтандыру шарты жасалғаннан кейін Сақтанушының Сақтандырушыға осы Тараудың 18-тармағында көрсетілген жағдайлар туралы көрнекі жалған мәліметтерді хабарлағаны белгіленетін болса, Сақтандырушы сақтандыру шартының жарамсыз деп танылуын және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген салдардың қолданылуын талап етуге құқылы.

20. Психоневрологиялық диспансерде есепте тұрған тұлғалар, қылмыс жасағаны үшін қылмыстық-атқарушылық жүйе мекемесінде жазасын өтеуші тұлғалар, тәуекелді жеке бағалау кезінде андеррайтер қабылдаған тұлғаларды қоспағанда мүгедектер, Сақтандырушы андеррайтері қабылдамаған тұлғалар сақтандырылмауы тиіс.

21. Осы Тараудың 20-тармағында көрсетілген тұлғаларға қатысты жасалған Сақтандыру шарты жасалған сәттен бастап жарамсыз болып табылады, ал Сақтанушы сақтандыру сыйлықақысының (жарнасының) қайтарылуын жүргізу қажет болатын деректемелерді көрсете отырып, сақтандыру сыйлықақысын (жарнасын) қайтару өтінішін берген сәттен бастап 30 (отыз) жұмыс күні ішінде төленген сақтандыру сыйлықақысы (жарнасы) қайтарылуы тиіс.

22. Сақтандыру шарты күшіне енгеннен кейін сақтандыру өтініші, оның қосымшалары, сақтандыру шартында анық ескертілген хабарламалар, сақтандыру шартының қосымшасы оның ажырамас бөлігі болып табылады.

23. Егер Сақтандыру шарты Сақтандырушының қандай да бір сұрақтарына Сақтанушының жауаптары болмаған кезде жасалған болса, Сақтанушының тиісті жағдайларды хабарламауына байланысты, салдарынан Сақтандырушы шарттың бұзылуын немесе оның жарамсыз деп танылуын талап ете алмайды.

24. Сақтандыру шартында көрсетілуі тиіс талаптар толық болмағаны үшін жауапкершілікті Сақтандырушы көтереді. Сақтандыру шартының жекелеген талаптарының толық болмауы салдарынан аталған шарт бойынша дау туындаған жағдайда, ол Сақтанушы пайдасына шешіледі.

7-тарау. Медициналық тексеру

25. Сақтандыру шарты жасалған кезде Сақтандырушы Сақтандырылушының іс жүзінде денсаулығын бағалау үшін, Сақтандырушы мұндай тексеруге белгілеген медициналық мекемеде оған медициналық тексеру тағайындауға құқылы. Сақтандырылушы медициналық тексерудің өткізілуінен бас тартқан жағдайда, Сақтандырушы сақтандыру шартын жасаудан бас тартуға құқылы.

26. Медициналық тексеру сақтандыру шартын жасауға ниет білдірген тұлғаның (Сақтанушының) немесе Сақтандырылушының есебінен жүргізіледі.

8-тарау. Сақтанушыны ауыстыру

27. Сақтанушы сақтандыру шартында белгіленетін барлық құқықтар мен міндеттерді басқа тұлғаға оның және Сақтандырушының келісімімен табыстауға құқылы. Мұндай құқықтар мен міндеттерді табыстау үшін, Сақтанушының және Сақтандырушы құқықтық мирасқорының (Сақтанушының сақтандыру шарты бойынша құқықтары мен міндеттерін қабылдайтын тұлға) қолы қойылған Сақтанушыны ауыстыру өтінішін Сақтандырушыға ұсыну қажет. Тараптар мұндай өзгертуге сақтандыру шартының қосымша келісіміне қол қойған күннен бастап Сақтанушыны өзгерту жарамды болады.

28. Сақтандыру шартының әрекет кезеңінде Сақтанушы қайта ұйымдастырылған кезде, осы шарт бойынша оның құқықтары мен міндеттері Сақтандырушының келісімімен оның құқықтық мирасқорына ауысады.

9-тарау. Сақтандырылушы және оны ауыстыру тәртібі

29. Сақтандыру талаптарына сәйкес, сақтандыру арқылы қорғау әрекеті басталатын күнге Сақтанушының қызметкері болып табылатын немесе Сақтанушының өтініші бойынша сақтандырылушылар тізіміне кіргізілген, 65 жастан аспаған жеке тұлға Сақтандырылушы бола алады.

30. Сақтандыру талаптары бойынша Сақтандырылушыны ауыстыруды жүзеге асыру үшін, Сақтанушы Сақтандырылушыны ауыстыру туралы жазбаша өтінішті және сақтандыру шартын жасауға Сақтандырылушының жазбаша келісімін ұсынуға міндетті, бұл ретте Сақтандырылушыны ауыстыру Сақтандырушының жазбаша келісімімен рұқсат етіледі.

31. Сақтандырылушыны ауыстыру үшін, тараптар сақтандыру шартына қосымша келісім әзірлеп, қолдары қойылады.

32. Сақтандырылушыны ауыстырған кезде, Сақтандырушы осы Қағиданың 7-тарауы 25-тармағына сәйкес Сақтандырылушы денсаулығының іс жүзіндегі жағдайын бағалау үшін, оған медициналық тексеруді тағайындауға құқылы. Сондай-ақ Сақтандырушы тәуекелді бағалау жүргізілгеннен кейін Сақтандырылушыны ауыстырудан бас тартуға құқылы.

10-тарау. Пайда алушы және оны ауыстыру тәртібі

33. Егер Сақтанушы Сақтандырылушы болып табылмаса, Сақтанушы сақтандыру арқылы қорғау кезеңінде болған Сақтандырылушының қайтыс болуы, Сақтандырылушының сақтандыру мерзімінің соңына дейін өмір сүруі сақтандыру жағдайы бойынша Пайда алушыны Сақтандырылушының келісімімен сақтандыру өтінішінде тағайындайды.

34. Осы Сақтандыру қағидасының 4-9-бөлімдерінде көрсетілген сақтандырудың қосымша талаптары бойынша Сақтандырылушының өзі Пайда алушы болып табылады.

35. Сақтандыру жағдайы басталғанға дейін Сақтанушы осы Қағиданың 10-Тарауы 33-тармағындағы талаптарды сақтаған кезде, сақтандыру шартында көрсетілген Сақтандырылушы болып табылмайтын Пайда алушыны Сақтандырушының жазбаша келісімімен басқа тұлғамен ауыстыруға құқылы.

36. Пайда алушы Сақтанушымен жасалған келісімнен шығатын сақтандыру шарты бойынша белгіленген міндеттерді орындағаннан кейін немесе Сақтандырушыға сақтандыру төлемі туралы талап қойғаннан кейін Пайда алушы басқа тұлғамен ауыстырылмайды.

37. Сақтандырылушы болып табылмайтын Пайда алушы қайтыс болған жағдайда немесе ол өз құқықтарынан бас тартқан жағдайда, оның құқықтары Сақтанушыға ауысады, ал егер

Сақтанушы Сақтандырылушы болып табылса, заңнамада белгіленген тәртіпте Сақтанушының мұрагерлеріне ауысады.

38. Егер Пайда алушы және Сақтандырылушы біруақытта (бір күнде) қайтыс болса, онда сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру тәртібі Пайда алушы барлық Сақтандырылушыдан бұрын қайтыс болғандай болады (осы Тараудың 37-тармағы).

11-тарау. Сақтандыру шартының әрекет мерзімі мен орны, сақтандыру арқылы қорғаудың әрекет кезеңі

39. Сақтандыру шарты сақтандыру шартында көрсетілген күннен бастап күшіне енеді және сақтандыру арқылы қорғау әрекеті кезеңінің мерзімі өткенге дейін немесе тараптар өз міндеттемелерін толық орындағанға дейін әрекет етеді.

40. Егер сақтандыру шартында өзге талаптар белгіленбеген болса, сақтандыру арқылы қорғау әрекеті, Сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын төлейтін күннен ерте болмайтын, ал сақтандыру сыйлықақысын бөліп төлеу – бірінші сақтандыру жарнасын төлеген жағдайда, сақтандыру шартында көрсетілген күннен басталады.

41. Егер сақтандыру шартында өзгеше көзделмеген болса, сақтандыру шарты Қазақстан Республикасының аумағында да, сондай-ақ одан тыс жерлерде де әрекет етеді.

42. Егер сақтандыру шартына тараптардың қолы қойылған күннен бастап отыз күнтізбелік күн ішінде сақтандыру сыйлықақысы (немесе бірінші сақтандыру жарнасы) төленбейтін болса немесе толық төленбейтін болса, Сақтандырушы сақтандыру шартынан бас тартуға құқылы және ол мерзімінен бұрын тоқтатылған (бұзылған) болып есептеледі. Бұл ретте, Сақтандырушы бұл туралы Сақтанушыны хабардар етуге және егер толық төленбеген сақтандыру сыйлықақысы (немесе бірінші сақтандыру жарнасы) бар болса, оған мұндай төлемді қайтаруға міндетті.

12-тарау. Сақтандыру сомасын белгілеу тәртібі

43. Сақтандыру сомасының мөлшері тараптардың келісімімен әр Сақтандырылушыға белгіленеді және сақтандыру шартында көрсетіледі.

13-тарау. Сақтандыру сыйлықақысының (сақтандыру жарнасының) мөлшері, төлеу тәртібі және мерзімдері

44. Сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын төлеуді біржолғы немесе мерзімдік (жылдық, жарты жылдық, тоқсандық, айлықтық) сақтандыру жарнасы түрінде Сақтандырушының банк шотына қолма-қол ақшасыз төлеммен бөліп жүргізеді.

45. Сақтанушы Сақтандырушының келісімімен сақтандыру жарнасын төлеу кезеңділігін өзгертуге құқылы.

46. Сақтандыру сыйлықақысын төлеу тәртібі мен мөлшері сақтандыру шартында көрсетіледі. Сақтанушы әрбір сақтандыру жарнасы сәйкес келетін кезең басталғанға дейін мұндай сақтандыру жарнасын төлеуге міндетті. Басқалай жағдайда, сақтандыру жарнасының мерзімі өткен болып есептеледі.

47. Сақтандыру сыйлықақысы (сақтандыру жарнасы) уақтылы төленбеген кезде, Сақтандырушы төлем мерзімін кешіктірген әрбір күнтізбелік күн үшін уақтылы төленбеген сомадан Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мөлшерде тұрақсыздық айыбын төлеуін талап етуге құқылы.

14-тарау. Сақтандыру сыйлықақысын төлеу мерзімін кешіктіру

48. Сақтандыру шартында белгіленген мерзімде сақтандыру жарнасын алмаған (бірінші сақтандыру жарнасын қоспағанда) Сақтандырушы Сақтанушыны сақтандыру жарнасын төлеу қажеттілігі туралы хабардар етуге міндетті.

49. Хабарламада келесілер болуы тиіс:

1) сақтандыру жарнасы төленуі қажет кезең (сақтандыру сыйлықақысы кейінге қалдырылатын кезең);

2) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мөлшерде сақтандыру жарнасын төлеу мерзімі кешіктірілгені үшін өсімпұл мөлшері;

3) сақтандыру жарнасы төленбеген жағдайда, Сақтандырушының сақтандыру шартының әрекетін біржақты тәртіпте бұзу құқығы туралы ақпарат.

50. Сақтандыру жағдайы басталған кезде, Сақтандырушы сақтандыру сыйлықақысының мерзімін кейінге қалдыру кезеңінде Сақтанушының берешегі сомасын ұстай отырып, сақтандыру төлемін жүзеге асырады.

51. Сақтандыру жарнасының мерзімі өткен болып есептелетін болған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде Сақтанушы сақтандыру жарнасын (бірінші сақтандыру жарнасын қоспағанда) төлемеген жағдайда, сақтандыру шарты мерзімінен бұрын тоқтатылатын болады.

15-тарау. Сақтандыру шартының әрекетін қалпына келтіру

52. Егер Сақтанушы сақтандыру жарнасын төлемегендіктен сақтандыру шартының әрекеті мерзімінен бұрын тоқтатылған болса, Сақтандырушы Сақтанушыдан сақтандыру шартын қалпына келтіруге жазбаша өтінішін алғанда және Сақтанушы келесілерді төлегенде, Сақтандырушы сақтандыру шартының әрекетін бір жыл ішінде қалпына келтіруге міндетті:

1) мерзімі кешіктірілген сақтандыру жарнасын;

2) сақтандыру жарнасын төлеу мерзімі кешіктірілгені үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген мөлшерде өсімпұлды.

53. Сақтандыру шартының әрекеті қалпына келтірілген кезде, Сақтандырушы Сақтандырылушының денсаулығы жағдайына медициналық тексеру жүргізуге құқылы. Сақтандырылушының денсаулығы жағдайы нашарлаған жағдайда, Сақтандырушы сақтандыру сомасының және/немесе сақтандыру сыйлықақысының (сақтандыру жарнасының) мөлшерін қайта есептеуді жүргізуге құқылы. Сақтанушы сақтандыру шартының әрекетін жаңа талаптармен қалпына келтіруден бас тартқан кезде, сақтандыру шарты қалпына келтірілмеуі тиіс.

54. Егер сақтандыру шартының әрекеті мерзімінен бұрын тоқтатылған болса және Сақтандырушы сатып алу сомасын төлеген болса, Сақтандырушы сақтандыру шартының қолданысын қалпына келтіруден бас тартуға құқылы. Сақтандыру шартына қандай да бір өзгертулер мен толықтырулар енгізбей, оның әрекетін бұрынғы талаптарда қалпына келтірген кезде, мұндай қалпына келтіру Сақтандырушының Сақтанушыға қалпына келтірілген күні көрсетілген жазбаша хабарламаны беруімен расталады.

16-тарау. Сақтандыру шартын тоқтату талаптары

55. Сақтандыру шартының әрекеті:

1) сақтандыру шартында көзделген сақтандыру арқылы қорғау әрекетінің мерзімі аяқталған;

2) кейінге қалдырылатын кезеңде сақтандыру шартының талаптары бойынша тиесілі сақтандыру жарнасы толық көлемде төленбеген;

3) сақтандыру шарты мерзімінен бұрын тоқтатылған;

4) Сақтандырушы сақтандыру шарты бойынша сақтандыру төлемін жүзеге асырған сәттен бастап, әрбір Сақтандырылушыға қатысты онымен осы Бөлімнің талаптарында бірінші басталған сақтандыру жағдайы бойынша;

5) Сақтанушының Сақтандырушы мекенжайына жіберілетін хабарламасымен расталған сақтандыру шартының әрекеті осы Сақтандыру қағидасының 9-тарауы 29-тармағында белгіленген жасқа жеткен әрбір Сақтандырылушыға қатысты не онымен еңбек шарты бұзылған жағдайда немесе Сақтандырылушылар тізімінен шығарылған жағдайда тоқтатылатын болады.

56. Сақтанушы Сақтандырушыға сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтату өтінішін ұсына отырып, сақтандыру шартынан кез келген жағдайда бас тартуға құқылы.

57. Егер Сақтанушы сақтандыру шарты жасалған күннен бастап бірінші және он үшінші күн аралығындағы кезеңде шартты біржақты тәртіпте бұзса, онда Сақтандырушы Сақтанушыға алынған сақтандыру сыйлықақысының сомасын толық көлемде қайтаруға міндетті. Егер Сақтанушы сақтандыру шарты жасалған күннен бастап он төртінші және отызыншы күн аралығындағы кезеңде шартты біржақты тәртіпте бұзса, онда Сақтандырушы сақтандыру шарты жасалғанда тартқан алынған сақтандыру сыйлықақысының сомасынан жиырма пайыздан аспайтын шығыс шегеріле отырып, Сақтанушыға алынған сақтандыру сыйлықақысының сомасын қайтаруға міндетті. Сақтандыру шарты мерзімінен бұрын тоқтатылатын өзге жағдайларда, Сақтанушы сақтандыру шарты бойынша төленген сақтандыру сыйлықақысы (сақтандыру жарнасы) қайтарылмауы тиіс.

58. Сақтанушы осы Тараудың 57-тармағында көрсетілген мерзім өткеннен кейін сақтандыру шартынан бас тартқан жағдайда, осы Сақтандыру қағидасының 17-тарауында көзделген салдар басталады.

17-тарау. Сатып алу сомасы

59. Сақтандыру шарты мерзімінен бұрын тоқтатылған кезде, сондай-ақ Сақтандырылушылар тізімінен Сақтандырылушы шығарылған кезде, Сақтанушы Сақтандырушыдан сатып алу сомасын алуға және барлық Сақтандырылушыға қатысты шарттар мерзімінен бұрын тоқтатылған кезде, әрбір шығарылған Сақтандырылушыға қатысты бонустық сатып алу сомасын (мұндай бар болса) алуға құқылы.

60. Сатып алу сомасының мөлшері сақтандырылатын жыл санына байланысты және сақтандыру шарты мерзімінен бұрын тоқтатылатын күнге барлық сақтандыру жарнасы толық төленген жағдайда, сақтандыру шартында көрсетіледі. Сақтандырушының бірінші жылы аяқталатын күнге сатып алу сомасының мөлшері нөлге тең.

61. Сақтандырушыға сатып алу сомасын төлеу өтініші және сақтандырудың соңғы екі жылы ішінде сақтандыру жарнасының төленгенін растайтын құжаттар ұсынылған күннен бастап 40 (қырық) күнтізбелік күннен кешіктірілмей сатып алу сомасы және бонустық сатып алу сомасы (мұндай бар болса) Сақтанушыға төленуі тиіс.

62. Сатып алу сомасы және бонустық сатып алу сомасы (мұндай бар болса) төленген кезде, Сақтандырушы одан Сақтанушының сатып алу сомасы төленетін күнге туындаған берешегінің мөлшерінде ақша сомасын ұстап алуға құқылы.

18-тарау. Пайдаға қатысу

63. Қаржы (есептік) жылы аяқталатын және сақтандыру шарты бойынша қосымша сақтандыру резерві қалыптастырылатын күнге сақтандыру шарты бойынша сақтандыру резервтеріне бекітілген мөлшерлемені қолдану арқылы Сақтанушылардың пайдаға қатысуын көздейтін сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру дивидендтерін есептеу түрінде Сақтандырушы пайдасының бір бөлігін (мұндай бар болса) Сақтанушылар арасында үлестіру жүзеге асырылады. Сақтандырушының пайданы үлестіруі талаптары, тәртібі және мерзімдері, сыйақы мөлшері және өндіріп алу тәртібі (қажет болса) Сақтандырушының Директорлар кеңесінде бекітілген ішкі Қағидаға сәйкес белгіленеді.

64. Сақтанушылар арасында үлестірілетін пайда мөлшері туралы шешім Сақтандырушының Директорлар кеңесінде қабылданады.

65. Қаржы (есептік) жылы аяқталатын күнге сақтандыру шарты әрекет еткенде және аталған сақтандыру шарты бойынша осы қаржы (есептік) жылында төленуі тиіс барлық сақтандыру жарнасы толық төленген жағдайда, сақтандыру дивидендтері сақтандыру шартының жылдығына есептеледі.

66. Сақтандыру шарты бойынша сақтандыру дивидендін есептеу сақтандыру шартының келесі жылдығына жетуіне қарай жүзеге асырылады. Бұл ретте сақтандыру сыйлықақысы кезеңдікпен төленген жағдайда сақтандырудың екінші жылының соңына дейін, сақтандыру сыйлықақысы біржолғы төленген жағдайда сақтандырудың бірінші жылының соңына дейін және Сақтандырылушының мүгедектігіне алып келген жазатайым жағдайдан сақтандыру талаптарына сәйкес Сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын (сақтандыру жарнасын) төлеуден босатылатын мерзім ішінде сақтандыру дивиденді есептелмейді.

67. Сақтандыру шарты бойынша есептелген сақтандыру дивидендтері бонустық сақтандыру сомасының шамасына қосымша сақтандыру арқылы қорғауды сатып алуға пайдаланылады.

68. Бонустық сақтандыру сомасының мөлшерін, сондай-ақ бонустық сатып алу сомасының мөлшерін есептеу қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі уәкілетті орган лицензиясының негізінде өз қызметін жүзеге асыратын Сақтандыру актуаріінде жүргізіледі. Бонустық сақтандыру сомасының мөлшерін, сондай-ақ бонустық сатып алу сомасының мөлшерін есептеу, осы Сақтандыру қағидасына сәйкес қажет өзге де есептеу тәртібі Сақтандырушының Директорлар кеңесінде бекітілген ішкі қағидасында белгіленеді.

69. 3-бөлімде көрсетілген пайдаға қатысатын өмірді жинақтаушы сақтандыру талаптары бойынша бонустық сақтандыру сомасы сақтандыру жағдайы кезінде төленуі тиіс.

70. Сақтандырушының Директорлар кеңесінде Сақтандырушының Сақтанушылар арасында үлестірілетін пайдасының мөлшері туралы шешім қабылданған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде, сондай-ақ сақтанушыға оның сұратуы бойынша кез келген сұратылатын күнге келесілер туралы ақпаратты ұсынады:

- 1) сақтандыру ұйымының Сақтанушыға есептелген пайдасының сомасы туралы;
- 2) Сақтанушының жинақ қаражатының сомасы туралы;
- 3) есептік кезеңде пайданың есептелмеу себептері туралы (бар болса).

71. Хабарлама жазбаша ресімделіп, Сақтанушыға пошталық байланыс, электронды пошта арқылы немесе өзге де байланыс түрлерімен жіберіледі.

19-тарау. Сақтандыру төлемінің мөлшері және жүзеге асыру тәртібі

72. Сақтандыру шартында анықталған сақтандыру жағдайларының бірі басталған кезде Сақтандырушы жүзеге асыруға міндетті сақтандыру төлемінің мөлшері осы Тараудың 73 және 74-тармақтарында көрсетілген жағдайларды қоспағанда сақтандыру сомасының мөлшеріне тең.

73. Егер сақтандыру жағдайы сақтандыру арқылы қорғау әрекеті кезеңінде басталған болса, келесі жағдайлардың нәтижесінде тікелей немесе жанама байланысты болса, растаушы құжаттар бар болғанда, сақтандыру төлемінің мөлшері мұндай сақтандыру жағдайы басталған күнге сатып алу сомасына және бонустық сақтандыру сомасына (мұндай бар болса) тең:

- 1) ядролық жарылыстың, радиацияның немесе радиоактивті жұқтырудың әсерімен;
- 2) әскери іс-қимылдармен, Сақтандырылушының әскери құралымдардағы қызметімен;
- 3) азаматтық соғыспен, әртүрлі халық толқуларымен, жаппай тәртіпсіздіктермен немесе ереуілдермен;

- 4) қажет қорғаныс жағдайында және аса қажет жағдайда жасалған әрекеттерді қоспағанда, Сақтанушының, Сақтандырылушының және/немесе Пайда алушының сақтандыру жағдайының туындауына бағытталған не оны болдыратын қасақана әрекеттерімен (растаушы құжаттар бар болғанда);

- 5) Сақтанушының, Сақтандырылушының және/немесе Пайда алушының заңнамалық актілерде белгіленген тәртіпте қасақана қылмыстық немесе әкімшілік құқық бұзушылық болып танылған, сақтандыру жағдайымен себепті байланыста болған әрекеттерімен;

- 6) Сақтандырылушының лицензиясы бар әуекомпаниясының әуе жолаушылар кемесінен басқа, кез келген ұшу аппаратында ұшуы;

- 7) медициналық мекеменің білікті дәрігері тағайындаған дәрілер қолданылатын жағдайды қоспағанда, Сақтандырылушының орташа және жоғары деңгейдегі алкогольді масаңдық жағдайда болуы, Сақтандырылушының есірткілік, токсикоманиялық немесе сақтандыру жағдайының басталуына алып келген немесе онымен себеп-салдарлық байланыстағы өзге де масаңдық жағдайында болуы;

- 8) маскүнемдікпен, алкоголь қолданатын себеп-салдар байланысы бар аурулармен, олардың дамуы алкогольді жүйелі түрді пайдаланумен байланысты;

- 9) егер Сақтанушы (Сақтандырылушы) сақтандыруға қабылданған кезде аталған ақпаратты бермеген болса және бұл ақпарат сақтандыру өтінішінде көрсетілмеген болса, кәсіби спорт түрімен шұғылдану;

- 10) Сақтандырылушының осы Сақтандыру қағидасында көзделген қауіпті (экстремалды) әрекеттерді жасауы.

74. Егер сақтандыру жағдайы басталған күнге сақтандыру шарты екі жылдан кем әрекет еткен жағдайда және сақтандыру жағдайы келесі оқиғалардың нәтижесінде тікелей немесе жанама басталған болса, сақтандыру төлемінің мөлшері сақтандыру жағдайы басталатын күнге сатып алу сомасына тең:

- 1) Сақтандырылушының өзіне-өзі қол жұмсауы немесе өзіне-өзі қол жұмсау әрекеті;
- 2) АИТВ-инфекциясы аурулары;
- 3) қатерлі өскіннің туындауымен байланысты аурулар.

75. Егер сақтандыру шарты жасалғанда, сақтандыру жарнасының (сақтандыру сыйлықақысының) немесе сақтандыру сомасының қате аударылуына алып келетін, Сақтандырылушының туған күні және/немесе жынысы қате көрсетілген болса, онда сақтандыру

төлемі нақты туған күннің және/немесе нақты жыныстың және аталған туған күннің және/немесе аталған жыныстың қатынастарына байланысты түзетілуі мүмкін.

76. Сақтандыру төлемі Пайда алушының банк шотына қолма-қол ақшасыз жүзеге асырылады. Ақша қаражатын аудару шығысы Қазақстан Республикасының аумағында Сақтандырушының есебінен жүзеге асырылады.

77. Сақтандырушы осы Сақтандыру қағидасының 20-Тарауында көрсетілген құжаттарды алған күннен бастап он бес жұмыс күні ішінде сақтандыру төлемін жүзеге асыруға немесе сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін жазбаша себептемелі бас тартуды ұсынуға міндетті.

78. Сақтандырылушының қайтыс болуы дерегі бойынша қылмыстық іс қозғалған жағдайда, құқық қорғау органдары немесе сот нақты шешім қабылдайтын күнге дейін Сақтандырушы сақтандыру төлемін жүзеге асыру мерзімін кейінге қалдыруға құқылы.

79. Сақтандыру төлемі жүзеге асырылған кезде, Сақтандырушы одан Сақтанушының сақтандыру төлемі жүзеге асырылатын күнге туындаған берешегінің мөлшеріндегі соманы ұстап қалуға құқылы.

20-тарау. Сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтанушының әрекеттері және сақтандыру жағдайының басталғанын растайтын құжаттардың тізбесі

80. Сақтанушы (Пайда алушы) өзіне сақтандыру жағдайының басталғаны туралы белгілі болғаннан кейін қалай болғанда да сақтандыру жағдайы басталған күннен бастап 40 (қырық) күнтізбелік күннен кешіктірмей, бұл туралы Сақтандырушыны сақтандыру шартында көрсетілген мерзімде тезарада хабардар етуге міндетті.

81. Егер Сақтанушының (Пайда алушының) Сақтандырушыны сақтандыру жағдайының басталғаны туралы жоғарыда аталған мерзімде дәлелді себептермен хабардар ету мүмкіндігі болмаса, ол уақтылы хабардар етпеу себебі туралы жазбаша түсініктеме беруі тиіс және бар болса құжат бойынша растауы тиіс.

82. Сақтандырылушының сақтандыру арқылы қорғау әрекеті кезеңінде қайтыс болуы сияқты басталған сақтандыру жағдайы басталған кезде, Сақтанушы (Пайда алушы) Сақтандырушыға келесі құжаттарды ұсынуға міндетті:

- 1) сақтандыру төлемін жүзеге асыру өтінішін;
- 2) Сақтандырылушының қайтыс болғаны туралы куәліктің нотариаттық куәландырылған көшірмесін;
- 3) Сақтандырылушының қайтыс болғаны туралы медициналық куәліктің (дәрігерлік) көшірмесін (бар болса);
- 4) химиялық-токсикологиялық зерттеу нәтижелері бар қайтыс болу себептері мен жағдайлары туралы сот-медициналық сараптама немесе патологиялық анатомиялық зерттеу қорытындысының осы құжатты берген заңды тұлғаның мөрімен және қол қоюымен (егер сараптаманың немесе зерттеудің жүргізілуі Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде көзделген болса) куәландырылған көшірмесін;
- 5) Пайда алушының жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін, соның ішінде жеке сәйкестендіру нөмірі (Пайда алушының жеке басын куәландыратын құжатта болмаса, ЖСН) (жеке тұлғалар үшін);
- 6) егер Сақтандырылушының өзі Пайда алушы болып табылса, онда сақтандыру шартының деректемелері көрсетілген сақтандыру төлемі көзделетін болатын мұрагерлік құқық туралы куәлікті (не нотариаттық куәландырылған көшірмесі);
- 7) сақтандыру шартының көшірмесі;
- 8) егер Сақтандырылушының қайтыс болуы ауруханада орын алған болса, Сақтандырылушының медициналық картасы (сырқатнама) үзінді көшірмесінің медициналық мекеме берген және дәрігердің қолымен және осы емдеу мекемесінің мөрімен куәландырылған көшірмесін;
- 9) Пайда алушының банктік деректемелерін: алушы банктің атауы, банк БСН, БСК, ЖСК, ағымдағы немесе карт-шотын;
- 10) Сақтандырушы сұрататын, сақтандыру жағдайына қатысты және/немесе заңнамада көзделген басқа да құжаттарды.

83. Егер құқық қорғау органдары Сақтандырылушымен орын алған оқиға (жазатайым жағдай) дерегі бойынша қылмыстық іс қозғау туралы мәселені қараған жағдайда, Сақтандырушы құқық қорғау органдарынан Сақтандырылушының өмірі мен денсаулығына зиянның келтірілгенін тіркеу дерегі бойынша анықтаманы, ал сотқа дейінгі тергеудің бірыңғай тізілімінде (СТБТ) тіркелген жағдайда – қылмыстық істің тоқтатылғаны туралы қаулыны немесе сот үкімін талап етуге құқылы.

84. Егер Сақтандырушыға қандай да бір құжаттардың көшірмелері ұсынылатын болса, онда осы құжаттарды берген немесе құжаттар көшірмелерінің нұпнұсқалары бар заңды тұлғаның мөрімен және басшысының қол қоюымен аталған құжаттар бекітілуі тиіс.

85. Сақтандырылушы сақтандыру мерзімінің соңына дейін өмір сүрген кезде, Пайда алушы сақтандыру мерзіміне соңына дейін өмір сүруі кезінде сақтандыру төлемін алу өтінішін ұсынуға міндетті.

86. Сақтанушы (Пайда алушы) немесе Сақтанушының (Пайда алушының) тапсырмасы бойынша өзге тұлға өз есебінен Сақтандырушының сұратуы бойынша осы Тарауда көрсетілген құжаттарды ұсынуға, сондай-ақ сақтандыру жағдайының басталған мән-жайын тергеуде Сақтандырушыға көмек көрсетуге міндетті.

87. Сақтанушы (Пайда алушы) сақтандыру жағдайының басталғанын растайтын құжаттарды ұсынбаған жағдайда, Сақтандырушы Сақтанушыдан (Пайда алушыдан) сақтандыру жағдайының басталғаны туралы хабарламаны алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей Сақтанушының (Пайда алушының) мекенжайына сақтандыру төлемін жүзеге асыруға қажет, жетпейтін құжаттар туралы хабарламаны жібереді.

88. Егер Сақтанушы осы Тарауда көрсетілген құжаттардың толық емес пакетін ұсынған кезде, өзі ұсынған құжаттар арқылы оқиға дерегін және оның басталған себептерін растауға болатын болса, Сақтандырушы сақтандыру төлемін жүзеге асыру туралы шешімді қабылдауға құқылы.

21-тарау. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

89. Сақтанушы құқылы:

1) Сақтандырушыдан сақтандыру шартына сәйкес қабылданған міндеттемелерді орындауын талап етуге;

2) Сақтандырушыдан сақтандыру талаптарын, сақтандыру шарты бойынша өз құқықтары мен міндеттерін түсіндіруін талап етуге;

3) Сақтандырушының келісімімен сақтандыру шартына Сақтандырылушыны немесе Пайда алушыны ауыстыру бойынша өзгертулер енгізуге;

4) Сақтандырушының келісімімен сақтандыру жарнасын төлеу кезеңділігін өзгертуге;

5) сақтандыру шартын мерзімінен бұрын бұзуға;

6) сақтандыру шартында және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген өзге де міндеттерді жүзеге асыруға.

90. Сақтанушы міндетті:

1) сақтандыру сыйлықақысын (сақтандыру жарнасын) сақтандыру шартында белгіленген мөлшерде, тәртіпте және мерзімдерде төлеуге;

2) Сақтандырылушының сақтандыру шартын жасауға жазбаша келісімін Сақтандырушыға ұсынуға.

3) Сақтандырушыны сақтандыру тәуекелінің жағдайы туралы хабардар етуге;

4) Сақтандырушыны сақтандыру жағдайы басталған күннен бастап 40 (қырық) күнтізбелік күннен кешіктірмей, қандай жағдайда да тезарада бұл туралы хабардар етуге. Егер Сақтанушы (Пайда алушы) Сақтандырушыны сақтандыру жағдайының басталғаны туралы жоғарыда аталған мерзімдерде дәлелді себептермен хабардар ете алмаған болса, онда ол уақтылы хабардар етпеуінің себебі туралы жазбаша түсінік беруі және бар болса құжат арқылы растауы тиіс. Бұл ретте, егер Сақтанушының Сақтандырушыны сақтандыру жағдайы туралы хабардар етпеуі немесе уақтылы хабардар етпеуі өз еркінен тыс болған себептермен ескерілген болса және аталған деректі растайтын тиісті құжаттар ұсынылған болса, онда мұндай жағдайда Сақтандырушының хабардар етпеуі немесе уақтылы хабардар етпеуі сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуына негіз болмайды.

Сақтанушының еркінен тыс болған жағдайлар хабардар етпеуге немесе уақтылы хабардар етпеуге дәлелді себеп болып табылады, атап айтқанда: еңсерілмейтін күш жағдайлары, яғни мұндай жағдайларда төтенше және ырық бермейтін жағдайлар (форс-мажор), соның ішінде табиғи құбылыстармен, әскери іс-қимылдармен және т.б. шектелмейді;

5) орналасқан жері өзгерген жағдайда, Сақтандырушыға он күндік мерзімде жаңа мекенжайды хабарлауға. Егер жаңа орналасқан жері Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде болса, Қазақстан Республикасында сенім білдірілген, хат-хабарлардың жеткізілуіне жауапты тұлға туралы мәліметтерді ұсынуға міндетті;

6) осы сақтандыру талаптары бойынша сақтандыру жағдайларын ескертуге бағытталған іс-шараларды жүзеге асыруға;

7) сақтандыру шартында және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген өзге де міндеттерді жүзеге асыруға.

91. Сақтандырушы құқылы:

1) Сақтанушыдан сақтандыру шартына сәйкес қабылданған міндеттемелерді орындауын талап етуге;

2) сақтандыру шартын мерзімінен бұрын бұзуға;

3) сақтандыру жағдайының басталған мән-жайын және себептерін тексеруге;

4) сақтандыру шартында және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген өзге де міндеттерді жүзеге асыруға.

92. Сақтандырушы міндетті:

1) сақтандыру жағдайы басталған кезде, сақтандыру төлемін сақтандыру шартында белгіленген мөлшерде, тәртіпте және мерзімде жүргізуге;

2) сақтандыру құпиясын қамтамасыз етуге;

3) Сақтанушы сақтандыру жарнасын төлеу мерзімін кешіктірген жағдайда, Сақтанушыға осы Сақтандыру қағидасының 14-тарауына сәйкес сақтандыру сыйлықақысын төлеу қажеттілігі туралы жазбаша хабарлама жіберуге;

4) сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тарту туралы шешім қабылданған жағдайда, Сақтандырушыға осы Сақтандыру қағидасының 20-тарауында көрсетілген құжаттар ұсынылған сәттен бастап отыз күн ішінде Сақтанушыға жазбаша бас тарту ұсынуға;

5) сақтандыру шартында және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген өзге де міндеттерді жүзеге асыруға.

22-тарау. Сақтандырушыны сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босату негіздері

93. Сақтандырушының сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуына негіздеме келесілер болуы мүмкін:

1) Сақтанушының Сақтандырушыға сақтандыру объектісі, сақтандыру тәуекелі, Сақтандырылушының денсаулығы жағдайы, сақтандыру жағдайы және оның салдары туралы көрнекі жалған мәліметтерді, сондай-ақ сақтандыру шартына сәйкес Сақтандырушыға ұсынылуы тиіс өзге де мәліметтерді хабарлауы;

2) Сақтанушының сақтандыру жағдайы басталған мән-жайды тергеуде Сақтандырушыға кедергі келтіруі;

3) Сақтандырушыны сақтандыру жағдайының басталғаны туралы Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 835-бабында белгіленген талаптарда осы сақтандыру қағидасында белгіленген мерзімде хабардар етпеу.

Сақтандырушы Сақтандыру қағидасының 93-тармағы 1) тармақшасына сәйкес Сақтандыру қағидасының 3-Бөлімінде көрсетілген оқиға бойынша сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартқан жағдайда, Сақтанушы (Сақтандыру шарты бойынша Сақтанушы болып табылатын Сақтандырылушы қайтыс болған жағдайда, Сақтанушының мұрагерлері) осы Шартты жасауға және орындауға байланысты Сақтандырушының Сақтандыру полисінде белгіленген сатып алу сомасынан 15 % мөлшерінде қосымша шығысын шегере отырып, Сақтандыру полисінде белгіленген сатып алу сомасын алуға құқылы.

23-тарау. Сақтандыру шартына өзгертулер мен толықтырулар енгізу тәртібі

94. Сақтандыру шартына енгізілетін өзгертулер мен толықтырулар Сақтанушы Сақтандырушыға ұсынатын өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы өтініш негізінде жүзеге асырылады.

95. Өтініш берілетін күнге барлық сақтандыру жарнасы (сақтандыру сыйлықақысы) толық төленген жағдайда, сондай-ақ Сақтандырушының сақтандыру шартына өзгерту мен (немесе) толықтыруға келісімі бар болған кезде, қосымша келісімді жасау арқылы бұл өзгертулер мен толықтырулар жазбаша енгізіледі және сақтандыру шартының қосымша келісінде көрсетілген күннен бастап күшіне енген болып есептеледі.

24-тарау. Сақтанушының орналасқан немесе тұрғылықты жерінің өзгеруі

96. Сақтандырушы Сақтанушыға сақтандыру өтінішінде көрсетілген оның орналасқан немесе тұрғылықты мекенжайына хабарлама жібереді.

97. Сақтанушының орналасқан немесе тұрғылықты жері өзгертілген кезде, Сақтандырушыға жаңа мекенжайын онкүндік мерзімде хабарлауға міндетті. Басқалай жағдайда, тараптар алдыңғы орналасқан немесе тұрғылықты мекенжайына жіберілген хабарламаны орындаған (жарамды) болып есептеледі.

98. Егер Сақтанушының орналасқан немесе тұрғылықты жері Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде болса, онда Сақтанушы Сақтандырушыға Қазақстан Республикасында сенім білдірілген, Сақтанушыға хат-хабарлардың жеткізілуіне жауапты тұлғаны көрсетуге міндетті.

4-бөлім Жазатайым жағдай нәтижесінде Сақтандырылушының қайтыс болуы жағдайында сақтандыру

25-тарау. Сақтандырылушының қайтыс болуына алып келген жазатайым жағдайдан сақтандырудың негізгі ережесі және ерекшеліктері

99. Егер сақтандыру шартында сақтандыру шартына Сақтандырылушының қайтыс болуына алып келген жазатайым жағдайдан сақтандыру кіретіні тікелей көзделгенде ғана, осы Сақтандыру қағидасының талаптары әрекет етеді.

100. Осы Сақтандыру қағидасының 26-тарауында көрсетілген сақтандыру жағдайы басталған кезде, Сақтандырушы сақтандыру төлемін сақтандыру шартында көрсетілген мөлшерде, тәртіпте және мерзімдерде жүзеге асыруға міндетті.

26-тарау. Сақтандыру жағдайы

101. Сақтандыру арқылы қорғау әрекеті кезеңінде орын алған жазатайым жағдай басталған сәттен бастап алты ай ішінде сақтандыру арқылы қорғау әрекеті кезеңінде Сақтандырылушының қайтыс болуы жазатайым жағдай нәтижесінде Сақтандырылушының қайтыс болуы жағдайында сақтандыру талаптары бойынша сақтандыру жағдайы (сақтандыру тәуекелі) болып табылады.

27-тарау. Сақтандыру жағдайына жатпайтын және сақтандыруды шектейтін жағдайлар

102. Осы Сақтандыру қағидасының 22-тарауында көрсетілген сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босату негіздерінен басқа, егер Сақтандырылушының қайтыс болуы келесі жағдайлардың нәтижесінде тікелей немесе жанама басталған болса, Сақтандырушы сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босатылады:

- 1) ядролық жарылыстың, радиацияның немесе радиоактивті жұқтырудың әсерімен;
- 2) әскери іс-қимылдармен, Сақтандырылушының әскери құралымдардағы қызметімен;
- 3) азаматтық соғыспен, әртүрлі халық толқуларымен, жаппай тәртіпсіздіктермен немесе ереуілдермен;
- 4) қажет қорғаныс жағдайында және аса қажет жағдайда жасалған әрекеттерді қоспағанда, Сақтанушының, Сақтандырылушының және/немесе Пайда алушының сақтандыру жағдайының туындауына бағытталған не оны болдыратын қасақана әрекеттерімен (растаушы құжаттар бар болғанда);

5) Сақтанушының, Сақтандырылушының және/немесе Пайда алушының заңнамалық актілерде белгіленген тәртіпте қасақана қылмыстық немесе әкімшілік құқық бұзушылық болып танылған, сақтандыру жағдайымен себепті байланыста болған әрекеттерімен;

6) Сақтандырылушының лицензиясы бар әуекомпаниясының әуе жолаушылар кемесінен басқа, кез келген ұшу аппаратында ұшуы;

7) жазатайым жағдай нәтижесінде Сақтандырылушы алған дене жарақаттарын (жарақатты алғаннан кейін 30 күнтізбелік күннен кешіктірмей) емдеу үшін тікелей қажет емді немесе операцияны қоспағанда, медициналық немесе хирургиялық жолмен емдеу немесе операция;

8) медициналық мекеменің білікті дәрігері тағайындаған дәрілер қолданылатын жағдайды қоспағанда, Сақтандырылушының орташа және жоғары деңгейдегі алкогольді масандық жағдайда болуы, Сақтандырылушының есірткілік, токсикоманиялық немесе сақтандыру жағдайының басталуына алып келген немесе онымен себеп-салдарлық байланыстағы өзге де масандық жағдайында болуы;

9) маскүнемдікпен, алкоголь қолданатын себеп-салдар байланысы бар аурулармен, олардың дамуы алкогольді жүйелі түрді пайдаланумен байланысты;

10) Сақтандырылушының осы Сақтандыру қағидасында көзделген қауіпті (экстремалды) әрекеттерді жасауы;

11) егер Сақтанушы (Сақтандырылушы) сақтандыруға қабылданған кезде аталған ақпаратты бермеген болса және бұл ақпарат сақтандыру өтінішінде көрсетілмеген болса, кәсіби спорт түрімен шұғылдану;

12) кесіп алғанда немесе жарақаттанғанда туындайтын инфекцияны қоспағанда, бактериялық инфекция;

13) бұл ретте, егер жазатайым жағдай сақтандыру арқылы қорғау әрекеті кезеңінде орын алған жағдайда, жазатайым жағдай нәтижесінде туындаған ауруды қоспағанда, кез келген аурумен және жарықпен;

14) қояншық талмамен, жүрек ұстамасымен және апоплексия соғуымен; 14) жазатайым жағдай нәтижесінде Сақтандырылушы алған дене жарақаттарын (жарақатты алғаннан кейін 60 күнтізбелік күннен кешіктірмей) емдеу үшін тікелей қажет емді немесе операцияны қоспағанда, медициналық немесе хирургиялық жолмен емдеу немесе операция.

28-тарау. Сақтандыру жағдайының басталғанын растайтын құжаттардың тізбесі

103.Сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтанушы (Пайда алушы) Сақтандырушыға осы Сақтандыру қағидасының 20-тарауы 82-тармағында көрсетілген құжаттарды ұсынуға міндетті.

Сақтанушы (Пайда алушы) сақтандыру жағдайының басталғанын растайтын құжаттарды ұсынбаған жағдайда, Сақтандырушы Сақтанушыдан (Пайда алушыдан) сақтандыру жағдайының басталғаны туралы хабарламаны алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей Сақтанушының (Пайда алушының) мекенжайына сақтандыру төлемін жүзеге асыруға қажет, жетпейтін құжаттар туралы хабарламаны жібереді.

29-тарау. Сақтандыру сомасының және сақтандыру төлемінің мөлшері

104.Осы талаптар бойынша сақтандыру сомасының мөлшері тараптардың келісімі бойынша анықталады және сақтандыру шартында көрсетіледі.

105.Сақтандыру жағдайы басталған кезде, сақтандыру төлемінің мөлшері сақтандыру сомасына тең. Бонустық сақтандыру сомасы сақтандыру төлеміне кірмейді және төленбеуі тиіс.

106.Егер Сақтандырылушының қайтыс болуы жазатайым жағдай болғандықтан басталған болса, осы Сақтандыру қағидасының 27-тарауы талаптарын ескере отырып, сақтандыру төлемі сақтандыру шартының талаптары бойынша сақтандыру төлеміне қосымша жүргізіледі.

107.Сақтандырылушының қайтыс болуына алып келген жазатайым жағдайдан сақтандыруға қатысты сақтандыру шартының әрекеті тоқтатылған кезде, сатып алу сомасының төлемі жүргізілмейді.

5-бөлім. Жазатайым жағдай нәтижесінде Сақтандырылушының дене жарақаттарын алуы жағдайында сақтандыру

30-тарау. Сақтандырылушыға дене жарақаттарының келтірілуіне алып келген жазатайым жағдайдан сақтандырудың негізгі ережесі және ерекшеліктері

108.Егер сақтандыру шартында сақтандыру шартына Сақтандырылушыға дене жарақаттарының келтірілуіне алып келген жазатайым жағдайдан сақтандыру кіретіні тікелей көзделгенде ғана, осы Сақтандыру қағидасының талаптары әрекет етеді.

109.Осы Сақтандыру қағидасының 31-тарауында көрсетілген сақтандыру жағдайы басталған кезде, Сақтанушы сақтандыру төлемін сақтандыру шартының талаптарында анықталған тәртіпте және мерзімдерде алуға құқылы. Сақтандыру төлемінің мөлшері "Дене жарақаттары бойынша сақтандыру төлемдерінің кестесіне" сәйкес анықталады.

110.Жазатайым жағдай нәтижесінде Сақтандырылушының дене жарақаттарын алуы жағдайында сақтандыруға қатысты сақтандыру шартының әрекеті токтатылған кезде, мұндай сақтандыру бойынша сатып алу сомасының және бонустық сатып алу сомасының (мұндай бар болса) төлемі жүргізілмейді.

31-тарау. Сақтандыру жағдайы

111.Сақтандырылушыға сақтандыру арқылы қорғау әрекеті кезеңінде жазатайым жағдай нәтижесінде келтірілген және "Дене жарақаттары бойынша сақтандыру төлемдерінің кестесінде" көрсетілген дене жарақаттары жазатайым жағдай нәтижесінде Сақтандырылушының дене жарақаттарын алуы жағдайында сақтандыруға қатысты сақтандыру шартының талаптары бойынша сақтандыру жағдайы болып табылады.

32-тарау. Сақтандыру жағдайына жатпайтын және сақтандыруды шектейтін жағдайлар

112.Осы Сақтандыру қағидасының 22-тарауында көрсетілген негіздерден басқа, сондай-ақ егер Сақтандырылушыға дене жарақаттары сақтандыру арқылы қорғау әрекеті кезеңінде келтірілген болса және келесі жағдайлардың нәтижесінде тікелей немесе жанама байланысты болса, Сақтандырушы сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босатылады:

- 1) ядролық жарылыстың, радиацияның немесе радиоактивті жұқтырудың әсерімен;
- 2) әскери іс-қимылдармен, Сақтандырылушының әскери құралымдардағы қызметімен;
- 3) азаматтық соғыспен, әртүрлі халық толқуларымен, жаппай тәртіпсіздіктермен немесе ереуілдермен;
- 4) Сақтанушының, Сақтандырылушының және/немесе Пайда алушының сақтандыру жағдайының туындауына бағытталған не оны болдыратын қасақана әрекеттерімен (растаушы құжаттар бар болғанда);
- 5) Сақтанушының, Сақтандырылушының және/немесе Пайда алушының заңнамалық актілерде белгіленген тәртіпте қасақана қылмыстық немесе әкімшілік құқық бұзушылық болып танылған, сақтандыру жағдайымен себепті байланыста болған әрекеттерімен;
- 6) кесіп алғанда немесе жарақаттанғанда туындайтын инфекцияны қоспағанда, бактериялық инфекция;
- 7) Сақтандырылушының лицензиясы бар әуекомпаниясының әуе жолаушылар кемесінен басқа, кез келген ұшу аппаратында ұшуы;
- 8) бұл ретте, егер жазатайым жағдай сақтандыру арқылы қорғау әрекеті кезеңінде орын алған жағдайда, жазатайым жағдай нәтижесінде туындаған ауруды қоспағанда, кез келген аурумен және жарықпен;
- 9) қояншық талмамен, жүрек ұстамасымен және апоплексия соғуымен;
- 10) жазатайым жағдай нәтижесінде Сақтандырылушы алған дене жарақаттарын (жарақатты алғаннан кейін 30 күнтізбелік күннен кешіктірмей) емдеу үшін тікелей қажет емді немесе операцияны қоспағанда, медициналық немесе хирургиялық жолмен емдеу немесе операция;
- 11) медициналық мекеменің білікті дәрігері тағайындаған дәрілер қолданылатын жағдайды қоспағанда, Сақтандырылушының орташа және жоғары деңгейдегі алкогольді масаңдық жағдайда болуы, Сақтандырылушының есірткілік, токсикоманиялық немесе сақтандыру жағдайының

басталуына алып келген немесе онымен себеп-салдарлық байланыстағы өзге де масаңдық жағдайында болуы;

12) маскүнемдікпен, алкоголь қолданатын себеп-салдар байланысы бар аурулармен, олардың дамуы алкогольді жүйелі түрді пайдаланумен байланысты;

13) Сақтандырылушының осы Сақтандыру қағидасында көзделген қауіпті (экстремалды) әрекеттерді жасауы;

14) егер Сақтанушы (Сақтандырылушы) сақтандыруға қабылданған кезде аталған ақпаратты бермеген болса және бұл ақпарат сақтандыру өтінішінде көрсетілмеген болса, кәсіби спорт түрімен шұғылдану;

15) өзін-өзі өлтіру әрекеті.

113.Сақтандырушы "Дене жарақаттары бойынша сақтандыру төлемдерінің кестесінде" көрсетілмеген дене жарақаттары бойынша сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуға құқылы.

33-тарау. Сақтандыру сомасының және сақтандыру төлемінің мөлшері

114.Осы талаптар бойынша сақтандыру сомасының мөлшері тараптардың келісімімен анықталады және сақтандыру шартында көрсетіледі.

115.Бонустық сақтандыру сомасы сақтандыру төлеміне кірмейді және төленбеуі тиіс.

116.Сақтандыру сомасының мөлшері Сақтандырылушыға дене жарақаттарының келтірілуіне алып келген жазатайым жағдайдан сақтандыру бойынша осыған дейін жүргізілген сақтандыру төлемінің сомасына, сақтандырудың белгіленген жылы ішінде (бірінші, келесі) автоматты түрде азайтылады. Сақтандыру сомасының мөлшері сақтандырудың келесі жылы басталатын күнге толық көлемде қалпына келтірілуі тиіс.

117.Сақтандырушы Сақтандырылушыға дене жарақаттарының келтірілуіне алып келген жазатайым жағдайдан сақтандыруға қатысты сақтандыру шарты бойынша сақтандыру төлемінің мөлшерін "Дене жарақаттары бойынша сақтандыру төлемдері кестесіне" сәйкес сақтандыру шартында (немесе бірінші сақтандыру жағдайы басталған кезде) көрсетілген сақтандыру сомасының немесе осы Тараудың 116-тармағына сәйкес азайтылған сақтандыру сомасының пайыздарында анықтайды.

118.Бір жазатайым жағдай нәтижесінде басталған және "Дене жарақаттары бойынша сақтандыру төлемдері кестесінің" бір бөлімінде ескертілген бірнеше дене жарақаты болған жағдайда, сақтандыру төлемі сақтандыру төлемінің мөлшері ең үлкен жарақатты көздейтін тармаққа сәйкес жүргізіледі.

119.Бір жазатайым жағдай нәтижесінде басталған және "Дене жарақаттары бойынша сақтандыру төлемдері кестесінің" әртүрлі бөлімдерінде ескертілген бірнеше дене жарақаты болған жағдайда, сақтандыру төлемі әрбір дене жарақаттары бойынша бөлек жүргізіледі, бірақ сақтандыру төлемдерінің сомасы сақтандыру сомасының мөлшерінен аспайды.

120."Дене жарақаттары бойынша сақтандыру төлемдері кестесінің" бір тармағында көрсетілген бір немесе бірнеше дене жарақаты болған жағдайда, сақтандыру төлемі дене жарақаттарының санына қарамастан, аталған тармаққа сәйкес біржолғы белгіленген мөлшерде жүргізіледі.

121.Сақтандыру төлемінің мөлшері дене жарақаты болған жағдайда аяқ-қолдың бір мүшесіне белгіленген (егер "Дене жарақаттары бойынша сақтандыру төлемдері кестесінде" өзгеше ескертілмеген болса), аяқ-қолдың екі мүшесінің ұқсас дене жарақаты болған жағдайда, сақтандыру төлемінің мөлшері екі еселенеді

122.Барлық сақтандыру төлемінің жалпы мөлшері сақтандыру сомасының мөлшерінен аспайды.

123.Дене жарақаттары нәтижесінде Сақтандырылушының қайтыс болуы сияқты сақтандыру жағдайы басталған кезде, Сақтандырылушыға дене жарақаттарының келтірілуіне алып келген жазатайым жағдайдан сақтандыруға қатысты сақтандыру төлемі жүзеге асырылмайды. Ал егер Сақтандырылушыға дене жарақаттарының келтірілуіне алып келген жазатайым жағдайдан сақтандыруға қатысты сақтандыру төлемі жүзеге асырылған болса, онда ол сақтандыру арқылы қорғау әрекеті кезеңінде Сақтандырылушының қайтыс болуы сияқты сақтандыру жағдайы бойынша сақтандыру төлемінен шегеріледі.

124.Сақтандыру төлемін жүзеге асыру кезінде Сақтандырушы одан Сақтанушының берешегі мөлшеріндегі соманы ұстап қалуға құқылы.

34-тарау. Сақтанушының (Пайда алушының) әрекеттері және тараптардың өзарақатынастарына қатысты өзге де ереже

125.Сақтандыру жағдайының басталғанын дәлелдеу үшін, Сақтанушы (Сақтандырылушы) келесілерді ұсынуға міндетті:

- 1) Сақтандырылушының жеке куәлігінің көшірмесін, оның ЖСН;
- 2) травматологиялық пункт анықтамасын немесе медициналық мекеменің мөрімен куәландырылған көшірмесін;
- 3) медициналық мекеме берген және дәрігердің қолымен, осы мекеменің мөрімен куәландырылған медициналық картаның (сырқатнама) үзінді көшірмесін;
- 4) рентгенологтың рентген-кескінді сипаттауы немесе таныстыру үшін рентген-кескінді (бар болса);

5) Сақтандырылушы өзінің еңбек (қызметтік) міндеттерін орындау кезінде сақтандыру жағдайы басталған кезде – жазатайым жағдай туралы актіні немесе мұндай актінің нотариаттық куәландырылған көшірмесін;

6) Пайда алушының жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін, соның ішінде жеке сәйкестендіру нөмірі (Пайда алушының жеке басын куәландыратын құжатта болмаса, ЖСН) (жеке тұлғалар үшін);

7) Пайда алушының банктік деректемелерін: алушы банктің атауы, банк БСН, БСК, ЖСК, ағымдағы немесе карт-шотын;

8) Сақтандырушы сұрататын, сақтандыру жағдайына қатысты басқа да құжаттарды.

Егер құқық қорғау органдары Сақтандырылушымен орын алған оқиға (жазатайым жағдай) дерегі бойынша қылмыстық іс қозғау туралы мәселені қараған жағдайда, Сақтандырушы құқық қорғау органдарынан Сақтандырылушының өмірі мен денсаулығына зиянның келтірілгенін тіркеу дерегі бойынша анықтаманы, ал сотқа дейінгі тергеудің бірыңғай тізілімінде (СТБТ) тіркелген жағдайда – қылмыстық істің тоқтатылғаны туралы қаулыны немесе сот үкімін талап етуге құқылы.

126.Сақтандырылушы Сақтандырушының сұратуы бойынша Сақтандырылушының денсаулығы жағдайы бойынша анықтаманы дәрігерлердің немесе күтімді жүзеге асыратын тұлғалардың, сондай-ақ медициналық мекемелердің беруіне уәкілеттік беруге міндетті.

127.Сақтандырушы құжаттардың толық пакетін алған күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде сақтандыру төлемін жүзеге асырады немесе сақтандыру төлемінен жазбаша себептемелі бас тарту ұсынады.

128.Сақтанушы (Пайда алушы) сақтандыру жағдайының басталғанын растайтын құжаттарды ұсынбаған жағдайда, Сақтандырушы Сақтанушыдан (Пайда алушыдан) сақтандыру жағдайының басталғаны туралы хабарламаны алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей Сақтанушының (Пайда алушының) мекенжайына сақтандыру төлемін жүзеге асыруға қажет, жетпейтін құжаттар туралы хабарламаны жібереді.

129.Егер Сақтанушы осы Тарауда көрсетілген құжаттардың толық емес пакетін ұсынған кезде, өзі ұсынған құжаттар арқылы оқиға дерегін және оның басталған себептерін растауға болатын болса, Сақтандырушы сақтандыру төлемін жүзеге асыру туралы шешімді қабылдауға құқылы.

6-бөлім. Жазатайым жағдай нәтижесінде Сақтандырылушының уақытша еңбекке жарамсыздығына алып келген жазатайым жағдайдан сақтандыру

35-тарау. Сақтандырылушының уақытша еңбекке жарамсыздығына алып келген жазатайым жағдайдан сақтандырудың негізгі ережесі және ерекшеліктері

130.Егер сақтандыру шартында сақтандыру шартына жазатайым жағдай нәтижесінде Сақтандырылушының уақытша еңбекке жарамсыздығы жағдайында сақтандыру кіретіні тікелей көзделгенде ғана, осы Сақтандыру қағидасының талаптары әрекет етеді.

131.Осы Сақтандыру қағидасының 36-тарауында көрсетілген сақтандыру жағдайы басталған кезде, Сақтандырушы сақтандыру төлеміне сақтандыру шартында көрсетілген мөлшерде, тәртіпте және мерзімдерде сақтандыру төлемін жүзеге асыруға міндетті.

36-тарау. Сақтандыру жағдайы

132. Жазатайым жағдай нәтижесінде Сақтандырылушының уақытша еңбекке жарамсыздығының белгіленуі Сақтандырылушының уақытша еңбекке жарамсыздығы жағдайында сақтандыруға қатысты сақтандыру шартының талаптары бойынша сақтандыру жағдайы болып табылады.

133. Уақытша еңбекке жарамсыздықты анықтау Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

37-тарау. Сақтандыру жағдайына жатпайтын және сақтандыруды шектейтін жағдайлар

134. Осы Сақтандыру қағидасының 22-тарауында көрсетілген сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босату негіздерінен басқа, егер Сақтандырылушының уақытша еңбекке жарамсыздығы келесі сақтандыру жағдайларының нәтижесінде болса, тікелей немесе жанама байланысты болса, растаушы құжаттар бар болғанда, Сақтандырушы сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босатылады:

- 1) ядролық жарылыстың, радиацияның немесе радиоактивті жұқтырудың әсерімен;
- 2) әскери іс-қимылдармен, Сақтандырылушының әскери құралымдардағы қызметімен;
- 3) азаматтық соғыспен, әртүрлі халық толқуларымен, жаппай тәртіпсіздіктермен немесе ереуілдермен;
- 4) қажет қорғаныс жағдайында және аса қажет жағдайда жасалған әрекеттерді қоспағанда, Сақтанушының, Сақтандырылушының және/немесе Пайда алушының сақтандыру жағдайының туындауына бағытталған не оны болдыратын қасақана әрекеттерімен (растаушы құжаттар бар болғанда);
- 5) Сақтанушының, Сақтандырылушының және/немесе Пайда алушының заңнамалық актілерде белгіленген тәртіпте қасақана қылмыстық немесе әкімшілік құқық бұзушылық болып танылған, сақтандыру жағдайымен себепті байланыста болған әрекеттерімен;
- 6) кесіп алғанда немесе жарақаттанғанда туындайтын инфекцияны қоспағанда, бактериялық инфекция;
- 7) Сақтандырылушының лицензиясы бар әуекомпаниясының әуе жолаушылар кемесінен басқа, кез келген ұшу аппаратында ұшуы;
- 8) бұл ретте, егер жазатайым жағдай сақтандыру арқылы қорғау әрекеті кезеңінде орын алған жағдайда, жазатайым жағдай нәтижесінде туындаған ауруды қоспағанда, кез келген аурумен және жарықпен;
- 9) қояншық талмамен, жүрек ұстамасымен және апоплексия соғуымен;
- 10) жазатайым жағдай нәтижесінде Сақтандырылушы алған дене жарақаттарын (жарақатты алғаннан кейін 60 күнтізбелік күннен кешіктірмей) емдеу үшін тікелей қажет емді немесе операцияны қоспағанда, медициналық немесе хирургиялық жолмен емдеу немесе операция;
- 11) медициналық мекеменің білікті дәрігері тағайындаған дәрілер қолданылатын жағдайды қоспағанда, Сақтандырылушының орташа және жоғары деңгейдегі алкогольді масаңдық жағдайда болуы, Сақтандырылушының есірткілік, токсикоманиялық немесе сақтандыру жағдайының басталуына алып келген немесе онымен себеп-салдарлық байланыстағы өзге де масаңдық жағдайында болуы;
- 12) маскүнемдікпен, алкоголь қолданатын себеп-салдар байланысы бар аурулармен, олардың дамуы алкогольді жүйелі түрді пайдаланумен байланысты;
- 13) Сақтандырылушының осы Сақтандыру қағидасында көзделген қауіпті (экстремалды) әрекеттерді жасауы;
- 14) егер Сақтанушы (Сақтандырылушы) сақтандыруға қабылданған кезде аталған ақпаратты бермеген болса және бұл ақпарат сақтандыру өтінішінде көрсетілмеген болса, кәсіби спорт түрімен шұғылдану;
- 15) өзін-өзі өлтіру әрекеті.

38-тарау. Сақтандыру сомасының және сақтандыру төлемінің мөлшері. Сақтандыру төлемін жүзеге асыру тәртібі және мерзімдері

135.Сақтандырудың осы талаптары бойынша сақтандыру сомасының мөлшері сақтандыру шартында көрсетіледі.

136.Сақтандыру төлемінің мөлшері Сақтандыру шартында көрсетіледі.

137.Сақтандырушы осы Сақтандыру қағидасының 39-тарауында көрсетілген құжаттарды алған күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде сақтандыру шартының осы қосымша талаптары бойынша сақтандыру төлемі біржолғы төлеммен жүзеге асырылады.

39-тарау. Сақтандыру жағдайының басталғанын растайтын құжаттардың тізбесі

138.Сақтандыру жағдайының басталғанын растау үшін, Сақтанушы (Пайда алушы) Сақтандырушыға келесілерді ұсынуға міндетті:

- 1) Сақтандырылушының жеке куәлігінің көшірмесін, оның ЖСН;
- 2) травматологиялық пункт анықтамасын немесе медициналық мекеменің мөрімен куәландырылған көшірмесін; медициналық мекеме берген және дәрігердің қолымен, осы мекеменің мөрімен куәландырылған медициналық картаның (сырқатнама) үзінді көшірмесін;
- 3) амбулаториялық картаның берген мекеменің мөрімен куәландырылған көшірмесін, бар болса;
- 4) рентгенологтың рентген-кескінді сипаттауы немесе таныстыру үшін рентген-кескінді (бар болса);
- 5) Сақтандырылушы өзінің еңбек (қызметтік) міндеттерін орындау кезінде сақтандыру жағдайы басталған кезде – жазатайым жағдай туралы актіні немесе мұндай актінің нотариаттық куәландырылған көшірмесін;
- 6) уақытша еңбекке жарамсыздық парағын;
- 7) химиялық-токсикологиялық зерттеу нәтижелері бар қайтыс болу себептері мен жағдайлары туралы сот-медициналық сараптама немесе патологиялық анатомиялық зерттеу қорытындысының осы құжатты берген заңды тұлғаның мөрімен және қол қоюымен (егер сараптаманың немесе зерттеуің жүргізілуі Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде көзделген болса) куәландырылған көшірмесін;
- 8) егер сақтандыру жағдайы жол-көлік оқиғасы нәтижесінде басталған болса, жол-көлік оқиғасы (ЖКО дерегі бойынша нақты процестік шешім және т.б.) материалдарының берген мекеменің мөрімен куәландырылған көшірмелері;
- 9) Пайда алушының жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін, соның ішінде жеке сәйкестендіру нөмірі (Пайда алушының жеке басын куәландыратын құжатта болмаса, ЖСН) (жеке тұлғалар үшін);
- 10) Пайда алушының банктік деректемелерін: алушы банктің атауы, банк БСН, БСК, ЖСК, ағымдағы немесе карт-шотын;
- 11) Сақтандырушы сұрататын, сақтандыру жағдайына қатысты басқа да құжаттарды.

139.Сақтанушы (Пайда алушы) сақтандыру жағдайының басталғанын растайтын құжаттарды ұсынбаған жағдайда, Сақтандырушы Сақтанушыдан (Пайда алушыдан) сақтандыру жағдайының басталғаны туралы хабарламаны алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей Сақтанушының (Пайда алушының) мекенжайына сақтандыру төлемін жүзеге асыруға қажет, жетпейтін құжаттар туралы хабарламаны жібереді.

140.Егер Сақтанушы осы Тарауда көрсетілген құжаттардың толық емес пакетін ұсынған кезде, өзі ұсынған құжаттар арқылы оқиға дерегін және оның басталған себептерін растауға болатын болса, Сақтандырушы сақтандыру төлемін жүзеге асыру туралы шешімді қабылдауға құқылы.

7-бөлім. Жазатайым жағдай нәтижесінде Сақтандырылушыға мүгедектік белгіленген жағдайда сақтандыру

40-тарау. Жазатайым жағдай нәтижесінде Сақтандырылушыға мүгедектік белгіленген жағдайда сақтандырудың негізгі ережесі және ерекшеліктері

141.Егер сақтандыру шартында сақтандыру шартына жазатайым жағдай нәтижесінде Сақтандырылушыға бірінші немесе екінші топтағы мүгедектік белгіленген жағдайда сақтандыру кіретіні тікелей көзделгенде ғана, осы Сақтандыру қағидасының талаптары әрекет етеді.

41-тарау. Сақтандыру жағдайы

142.Сақтандыру арқылы қорғау әрекеті кезеңінде орын алған жазатайым жағдай күнінен бастап 12 (он екі) күнтізбелік ай ішінде Сақтандырылушыға жазатайым жағдай нәтижесінде бірінші немесе екінші топтағы мүгедектіктің белгіленуі сақтандырудың осы талаптары бойынша сақтандыру жағдайы болып табылады.

143.Мүгедектік тобын анықтау Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады. Белгіленген сақтандыру шартын жасағаннан кейін қабылданған мүгедектікті белгілеу жүзеге асырылатын заңнамаға кез келген өзгертулер мен толықтырулар Сақтандырушының аталған сақтандыру шарты аясындағы жауапкершілігінің ұлғаюына алып келмейді.

144.Сақтандырылушының мүгедектік тобын, оның белгіленген себептерін, мерзімін және уақытын анықтауды Қазақстан Республикасының азаматтарына, шетелдіктерге және Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын азаматтығы жоқ тұлғаларға мүгедектік тобын заңнамалық акті негізінде белгілеуге уәкілеттігі бар мемлекеттік орган (бұдан әрі – уәкілетті мемлекеттік орган) жүргізеді.

42-тарау. Сақтандыру жағдайына жатпайтын және сақтандыруды шектейтін жағдайлар

145.Осы Сақтандыру қағидасының 22-тарауында көзделген негіздемелерден басқа, егер келесі жағдайлармен тікелей немесе жанама байланысты жазатайым жағдай нәтижесінде бірінші немесе екінші топтағы мүгедектік белгіленген болса, Сақтандырушы сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босатылады:

- 1) ядролық жарылыстың, радиацияның немесе радиоактивті жұқтырудың әсерімен;
- 2) әскери іс-қимылдармен, Сақтандырылушының әскери құралымдардағы қызметімен;
- 3) азаматтық соғыспен, әртүрлі халық толқуларымен, жаппай тәртіпсіздіктермен немесе ереуілдермен;
- 4) қажет қорғаныс жағдайында және аса қажет жағдайда жасалған әрекеттерді қоспағанда, Сақтанушының, Сақтандырылушының және/немесе Пайда алушының сақтандыру жағдайының туындауына бағытталған не оны болдыратын қасақана әрекеттерімен (растаушы құжаттар бар болғанда);
- 5) Сақтанушының, Сақтандырылушының және/немесе Пайда алушының заңнамалық актілерде белгіленген тәртіпте қасақана қылмыстық немесе әкімшілік құқық бұзушылық болып танылған, сақтандыру жағдайымен себепті байланыста болған әрекеттерімен;
- 6) Сақтандырылушының лицензиясы бар әуекомпаниясының әуе жолаушылар кемесінен басқа, кез келген ұшу аппаратында ұшуы;
- 7) кесіп алғанда немесе жарақаттанғанда туындайтын инфекцияны қоспағанда, бактериялық инфекция;
- 8) бұл ретте, егер жазатайым жағдай сақтандыру арқылы қорғау әрекеті кезеңінде орын алған жағдайда, жазатайым жағдай нәтижесінде туындаған ауруды қоспағанда, кез келген аурумен және жарықпен;
- 9) қояншық талмамен, жүрек ұстамасымен және апоплексия соғуымен;
- 10) жазатайым жағдай нәтижесінде Сақтандырылушы алған дене жарақаттарын (жарақатты алғаннан кейін 60 күнтізбелік күннен кешіктірмей) емдеу үшін тікелей қажет емді немесе операцияны қоспағанда, медициналық немесе хирургиялық жолмен емдеу немесе операция;
- 11) медициналық мекеменің білікті дәрігері тағайындаған дәрілер қолданылатын жағдайды қоспағанда, Сақтандырылушының орташа және жоғары деңгейдегі алкогольді масандық жағдайда

болуы, Сақтандырылушының есірткілік, токсикоманиялық немесе сақтандыру жағдайының басталуына алып келген немесе онымен себеп-салдарлық байланыстағы өзге де масаңдық жағдайында болуы;

12) маскүнемдікпен, алкоголь қолданатын себеп-салдар байланысы бар аурулармен, олардың дамуы алкогольді жүйелі түрді пайдаланумен байланысты;

13) Сақтандырылушының осы Сақтандыру қағидасында көзделген қауіпті (экстремалды) әрекеттерді жасауы;

14) егер Сақтанушы (Сақтандырылушы) сақтандыруға қабылданған кезде аталған ақпаратты бермеген болса және бұл ақпарат сақтандыру өтінішінде көрсетілмеген болса, кәсіби спорт түрімен шұғылдану;

15) өзін-өзі өлтіру әрекеті.

146.Егер аталған мүгедектік жазатайым жағдай басталғаннан кейін және/немесе сақтандыру арқылы қорғау әрекеті кезеңі аяқталғаннан кейін 12 ай өткенде белгіленген болса, жазатайым жағдай нәтижесінде Сақтандырылушыға бірінші немесе екінші топтағы мүгедектіктің белгіленуі сақтандыру жағдайы болып табылмайды.

43-тарау. Сақтандыру сомасының және сақтандыру төлемінің мөлшері. Сақтандыру төлемін жүзеге асыру тәртібі және мерзімдері

147.Жазатайым жағдай нәтижесінде Сақтандырылушыға бірінші немесе екінші топтағы мүгедектіктің белгіленуіне алып келген жазатайым жағдайдан сақтандыруға қатысты сақтандыру шартының талаптары бойынша сақтандыру сомасының мөлшері сақтандыру шартында көрсетіледі.

148.Жазатайым жағдай нәтижесінде Сақтандырылушыға бірінші немесе екінші топтағы мүгедектіктің белгіленуіне алып келген жазатайым жағдайдан сақтандыруға қатысты сақтандыру шартының талаптары бойынша бонустық сақтандыру сомасы сақтандыру төлеміне кірмейді және төленбеуі тиіс.

149.Сақтандырушы осы Сақтандыру қағидасының 44-тарауында көрсетілген құжаттарды алған күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде сақтандыру шартының қосымша талаптары бойынша сақтандыру төлемі біржолғы төлеммен жүзеге асырылады.

150.Сақтандыру төлемі Сақтандырылушының жазатайым жағдайдан алғашқы белгіленген мүгедектігі бойынша жүзеге асырылады. Сақтандырудың осы қосымша талаптары бойынша сақтандыру төлемі жүзеге асырылғаннан кейін осы Сақтандырылушы бойынша сақтандырудың барлық қосымша талаптарының әрекеті тоқтатылады.

44-тарау. Сақтандыру жағдайының басталғанын растайтын құжаттардың тізбесі

151.Сақтандыру жағдайының басталғанын растау үшін, Сақтанушы (Пайда алушы) Сақтандырушыға келесілерді ұсынуға міндетті:

1) Сақтандырылушыға мүгедектіктің белгіленгені туралы уәкілетті мемлекеттік орган анықтамасының нотариаттық куәландырылған көшірмесін;

2) Сақтандырылушының медициналық мекеме берген медициналық картасының үзінді көшірмесін немесе берген мекеменің мөрімен куәландырылған үзінді көшірменің көшірмесін, ол бар болса;

3) амбулаториялық картаның берген мекеменің мөрімен куәландырылған көшірмесін, бар болса;

4) таныстыру үшін рентген-кескін (тұрақты науқастың сырқатнамасының үзінді көшірмесі ұсынылмаған болса);

5) рентгенологтың рентген-кескінді сипаттауы;

6) Сақтандырылушының жеке куәлігінің көшірмесін, оның ЖСН;

7) сақтандырылушының мүгедектігімен байланысты диагноз қою туралы ДКК қорытындысын немесе дәрігердің қолымен және осы емдеу мекемесінің мөрімен куәландырылған ДКК қорытындысының көшірмесін;

8) Егер құқық қорғау органдары Сақтандырылушымен орын алған оқиға (жазатайым жағдай) дерегі бойынша қылмыстық іс қозғау туралы мәселені қараған жағдайда, Сақтандырушы құқық қорғау органдарынан Сақтандырылушының өмірі мен денсаулығына зиянның келтірілгенін тіркеу

дерегі бойынша анықтаманы, ал сотқа дейінгі тергеудің бірыңғай тізілімінде (СТБТ) тіркелген жағдайда – қылмыстық істің тоқтатылғаны туралы қаулыны немесе сот үкімін талап етуге құқылы;

9) Сақтандырылушы өзінің еңбек (қызметтік) міндеттерін орындау кезінде сақтандыру жағдайы басталған кезде – жазатайым жағдай туралы актіні немесе мұндай актінің нотариаттық куәландырылған көшірмесін;

10) уақытша еңбекке жарамсыздық парағының көшірмелерін, олар бар болса;

11) Пайда алушының жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін, соның ішінде жеке сәйкестендіру нөмірі (Пайда алушының жеке басын куәландыратын құжатта болмаса, ЖСН) (жеке тұлғалар үшін);

12) Пайда алушының банктік деректемелерін: алушы банктің атауы, банк БСН, БСК, ЖСК, ағымдағы немесе карт-шотын;

13) Сақтандырушы сұрататын, сақтандыру жағдайына қатысты басқа да құжаттарды.

152.Сақтандыру жағдайы басталғаннан кейін Сақтандырушы құқылы:

1) Сақтандырылушының денсаулығы жағдайы және уәкілетті мемлекеттік органның қайта куәландыру нәтижелері туралы анықтаманы кез келген уақытта талап етуге;

2) Сақтандырылушыға Сақтандырушы тағайындаған дәрігерлердің қосымша медициналық тексеру, соның ішінде мемлекеттік уәкілеттік орган белгілеген мүгедектік топты тексеру үшін Сақтандырушының есебінен (егер Сақтандырылушы Қазақстан Республикасынан тыс болса, көлік шығысын қоспағанда) жылына бір реттен артық болмайтын мөлшерде өткізуге;

3) медициналық-әлеуметтік сараптама комиссиясы қызметкерлерінің негізделмеген қорытындысына және/немесе мемлекеттік уәкілетті орган қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіпте мүгедектік туралы құжаттарды заңсыз бергеніне шағым беруге.

153.Сақтанушы (Пайда алушы) сақтандыру жағдайының басталғанын растайтын құжаттарды ұсынбаған жағдайда, Сақтандырушы Сақтанушыдан (Пайда алушыдан) сақтандыру жағдайының басталғаны туралы хабарламаны алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей Сақтанушының (Пайда алушының) мекенжайына сақтандыру төлемін жүзеге асыруға қажет, жетпейтін құжаттар туралы хабарламаны жібереді.

154.Егер Сақтанушы осы Тарауда көрсетілген құжаттардың толық емес пакетін ұсынған кезде, өзі ұсынған құжаттар арқылы оқиға дерегін және оның басталған себептерін растауға болатын болса, Сақтандырушы сақтандыру төлемін жүзеге асыру туралы шешімді қабылдауға құқылы.

8-бөлім. Жазатайым жағдай нәтижесінде Сақтандырылушының ауруханаға жатқызылуына алып келген жағдайда сақтандыру

45-тарау. Сақтандырылушының ауруханаға жатқызылуына алып келген жазатайым жағдайдан сақтандырудың негізгі ережесі және ерекшеліктері

155.Егер сақтандыру шартында сақтандыру шартына жазатайым жағдай нәтижесінде Сақтандырылушының ауруханаға жатқызылуы жағдайында сақтандыру кіретіні тікелей көзделгенде ғана, осы Сақтандыру қағидасының талаптары әрекет етеді.

156.Осы Сақтандыру қағидасының 46-тарауында көрсетілген сақтандыру жағдайы басталған кезде, Сақтандырушы сақтандыру төлемін сақтандыру шартында көрсетілген мөлшерде, тәртіпте және мерзімдерде жүзеге асыруға міндетті.

46-тарау. Сақтандыру жағдайы

157.Жазатайым жағдай нәтижесінде сақтандыру арқылы қорғау әрекеті кезеңінде шұғыл медициналық көрсеткіштер бойынша Сақтандырылушының ауруханаға жатқызылуы (емдеу мекемесінде тұрақты емделуде болуы) Сақтандырылушының ауруханаға жатқызылуы жағдайында сақтандыруға қатысты сақтандыру шартының талаптары бойынша сақтандыру жағдайы болып табылады.

47-тарау. Сақтандыру жағдайына жатпайтын және сақтандыруды шектейтін жағдайлар

158. Осы Сақтандыру қағидасының 22-тарауында көрсетілген сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босату негіздерінен басқа, егер Сақтандырылушының ауруханаға жатқызылуы келесі сақтандыру жағдайларының нәтижесінде болса, тікелей немесе жанама байланысты болса, растаушы құжаттар бар болғанда, Сақтандырушы сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босатылады:

- 1) ядролық жарылыстың, радиацияның немесе радиоактивті жұқтырудың әсерімен;
- 2) әскери іс-қимылдармен, Сақтандырылушының әскери құралымдардағы қызметімен;
- 3) азаматтық соғыспен, әртүрлі халық толқуларымен, жаппай тәртіпсіздіктермен немесе ереуілдермен;
- 4) қажет қорғаныс жағдайында және аса қажет жағдайда жасалған әрекеттерді қоспағанда, Сақтанушының, Сақтандырылушының және/немесе Пайда алушының сақтандыру жағдайының туындауына бағытталған не оны болдыратын қасақана әрекеттерімен (растаушы құжаттар бар болғанда);
- 5) Сақтанушының, Сақтандырылушының және/немесе Пайда алушының заңнамалық актілерде белгіленген тәртіпте қасақана қылмыстық немесе әкімшілік құқық бұзушылық болып танылған, сақтандыру жағдайымен себепті байланыста болған әрекеттерімен;
- 6) кесіп алғанда немесе жарақаттанғанда туындайтын инфекцияны қоспағанда, бактериялық инфекция;
- 7) Сақтандырылушының лицензиясы бар әуекомпаниясының әуе жолаушылар кемесінен басқа, кез келген ұшу аппаратында ұшуы;
- 8) бұл ретте, егер жазатайым жағдай сақтандыру арқылы қорғау әрекеті кезеңінде орын алған жағдайда, жазатайым жағдай нәтижесінде туындаған ауруды қоспағанда, кез келген аурумен және жарықпен;
- 9) қояншық талмамен, жүрек ұстамасымен және апоплексия соғуымен;
- 10) жазатайым жағдай нәтижесінде Сақтандырылушы алған дене жарақаттарын (жарақатты алғаннан кейін 60 күнтізбелік күннен кешіктірмей) емдеу үшін тікелей қажет емді немесе операцияны қоспағанда, медициналық немесе хирургиялық жолмен емдеу немесе операция;
- 11) медициналық мекеменің білікті дәрігері тағайындаған дәрілер қолданылатын жағдайды қоспағанда, Сақтандырылушының орташа және жоғары деңгейдегі алкогольді масандық жағдайда болуы, Сақтандырылушының есірткілік, токсикоманиялық немесе сақтандыру жағдайының басталуына алып келген немесе онымен себеп-салдарлық байланыстағы өзге де масандық жағдайында болуы;
- 12) маскүнемдікпен, алкоголь қолданатын себеп-салдар байланысы бар аурулармен, олардың дамуы алкогольді жүйелі түрді пайдаланумен байланысты;
- 13) Сақтандырылушының осы Сақтандыру қағидасында көзделген қауіпті (экстремалды) әрекеттерді жасауы;
- 14) егер Сақтанушы (Сақтандырылушы) сақтандыруға қабылданған кезде аталған ақпаратты бермеген болса және бұл ақпарат сақтандыру өтінішінде көрсетілмеген болса, кәсіби спорт түрімен шұғылдану;
- 15) өзін-өзі өлтіру әрекеті.

48-тарау. Сақтандыру сомасының және сақтандыру төлемінің мөлшері. Сақтандыру төлемін жүзеге асыру тәртібі және мерзімдері

159. Сақтандырудың осы талаптары бойынша сақтандыру сомасының мөлшері сақтандыру шартында көрсетіледі.

160. Сақтандыру төлемінің мөлшері ауруханаға жатқызылған 7 (жетінші) күнтізбелік күннен бастап тұрақты емделуде болған әрбір күнтізбелік күн үшін сақтандыру сомасынан 0,2 % (нөл бүтін оннан бір пайызға) тең. Бір жазатайым жағдайдың басталуына байланысты ауруханаға жатқызу бойынша сақтандыру төлемінің ең көп күндер саны 60 (алпыс) күнтізбелік күн.

161. Сақтандырушы осы Сақтандыру қағидасының 49-тарауында көрсетілген құжаттарды алған күннен бастап 30 (отыз) жұмыс күні ішінде сақтандыру шартының қосымша талаптары бойынша сақтандыру төлемі біржолғы төлеммен жүзеге асырылады.

49-тарау. Сақтандыру жағдайының басталғанын растайтын құжаттардың тізбесі

162.Сақтандыру жағдайының басталғанын растау үшін, Сақтанушы (Пайда алушы) Сақтандырушыға келесілерді ұсынуға міндетті:

- 1) медициналық мекеме берген және дәрігердің қолымен, осы мекеменің мөрімен куәландырылған медициналық картаның (сырқатнама) үзінді көшірмесін;
- 2) уақытша еңбекке жарамсыздық парағын;
- 3) Сақтандырылушының жеке куәлігінің көшірмесін, оның ЖСН;
- 4) Сақтандырылушы өзінің еңбек (қызметтік) міндеттерін орындау кезінде сақтандыру жағдайы басталған кезде – жазатайым жағдай туралы актіні немесе мұндай актінің нотариаттық куәландырылған көшірмесін;
- 5) Пайда алушының банктік деректемелерін: алушы банктің атауы, банк БСН, БСК, ЖСК, ағымдағы немесе карт-шотын.

163.Егер құқық қорғау органдары Сақтандырылушымен орын алған оқиға (жазатайым жағдай) дерегі бойынша қылмыстық іс қозғау туралы мәселені қараған жағдайда, Сақтандырушы құқық қорғау органдарынан Сақтандырылушының өмірі мен денсаулығына зиянның келтірілгенін тіркеу дерегі бойынша анықтаманы, ал сотқа дейінгі тергеудің бірыңғай тізілімінде (СТБТ) тіркелген жағдайда – қылмыстық істің тоқтатылғаны туралы қаулыны немесе сот үкімін талап етуге құқылы.

164.Сақтанушы (Пайда алушы) сақтандыру жағдайының басталғанын растайтын құжаттарды ұсынбаған жағдайда, Сақтандырушы Сақтанушыдан (Пайда алушыдан) сақтандыру жағдайының басталғаны туралы хабарламаны алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей Сақтанушының (Пайда алушының) мекенжайына сақтандыру төлемін жүзеге асыруға қажет, жетпейтін құжаттар туралы хабарламаны жібереді.

165.Егер Сақтанушы осы Тарауда көрсетілген құжаттардың толық емес пакетін ұсынған кезде, өзі ұсынған құжаттар арқылы оқиға дерегін және оның басталған себептерін растауға болатын болса, Сақтандырушы сақтандыру төлемін жүзеге асыру туралы шешімді қабылдауға құқылы.

9-бөлім. Сақтандырылушыны ауыр сырқаттануы жағдайында сақтандыру

50-тарау. Сақтандырылушыны ауыр сырқаттануы жағдайында сақтандырудың негізгі ережесі және ерекшеліктері

166.Егер сақтандыру шартында сақтандыру шартына Сақтандырылушының ауыр сырқаттануы жағдайында сақтандыру кіретіні тікелей көзделгенде ғана, осы Сақтандыру қағидасының талаптары әрекет етеді.

51-тарау. Сақтандыру жағдайы

167.Егер сырқат диагнозы қойылған сәттен бастап Сақтандырылушы 30 (отыз) күнтізбелік күн өмір сүрген жағдайда, диагнозы бірінші рет сақтандыру шартының әрекеті басталған күннен бастап 90 (тоқсан) күнтізбелік күннен ерте болмайтын мерзімде қойылған және осы Сақтандыру қағидасының 52-тарауында көрсетілген ауыр сырқатты анықтауға сәйкес келетін Сақтандырылушының ауыр сырқаттануы сақтандыру жағдайы болып табылады.

52-тарау. Ауыр сырқаттар

168.Миокард инфарктісі – қанмен қамтамасыз етудің жетіспеушілігі нәтижесінде миокард жерінің жансыздануы. Диагноз барлық үш белгінің бар болуымен негізделуі тиіс: 1. Сыртартқыда кеуде тұсындағы әдеттегі аурулардың бар болуы; 2. ЭКГ әдеттегі жаңа өзгерістері, мысалы: ST сегментінің немесе сипаттамалық динамикасы бар Т тістешесінің өзгеруі, патологиялық, тұрақты сақталатын Q тістешесін қалыптастыру; 3. қандағы кардиологиялық айрықша ферменттері белсенділігінің әдеттегі артуы. Диагнозды және бұл тексерістерді білікті дәрігер (кардиолог) растауы тиіс;

169.Бақылаусыз өскен қатерлі ісік ретінде, қалыпты тіндегі метастаздың және инвазияның бар болуымен гистологиялық бағаланатын бір немесе бірнеше ісіктің дамуын болдырған қатерлі

ісік, лейкопения, лимфа жүйесінің қатерлі аурулары, соның ішінде Ходжкин ауруы, келесілерді қоспағанда:

- 1) ішке енген рак – in situ;
- 2) қатерлік ісік алдындағы ауру ретінде гистологиялық сипатталған аурулар;
- 3) терінің қатерлі ісігі және меланома, олардың ең үлкен қалыңдығы гистологиялық қорытындыға сәйкес 1,5 (бір жарым) мм кем немесе TNM жіктегіші бойынша T3N(0)M(0) даму деңгейінен аспайды;
- 4) бүртікті торлы қабатқа енбейтін кез келген басқа ісік;
- 5) барлық гиперкератоз немесе тіректік-жасушалы карцинома;
- 6) басқа мүшеге өсуі болмаған кезде, терінің барлық эпителиалды-жасушалы қатерлі ісігі;
- 7) Капоши саркомасы және АИТВ инфекциясымен немесе ЖИТС-қа ұқсас басқа да ісіктер;
- 8) TNM жіктегіші бойынша T1 (соның ішінде T1a, 1б, 1с) сатысындағы қуықалды без қатерлі ісігі;
- 9) АИТВ-инфекция және/немесе ЖИТС бар болса қатерлік ісіктер,
- 10) цервикалды интраэпителиалды неоплазияның барлық сатысы.

170.Жантәсілім сатысындағы екі бүйрек жұмысының созылмалы қайтымсыз бұзылуын сипаттайтын бүйректік жетімсіздік, бұл тұрақты бүйректік диализдің қолданылуын (қан тазарту немесе ішастар диализ) немесе донорлық бүйректің ауыстырып қондырылуын қажет етеді.

171.Мидағы қан айналымының және туыстық синдромдардың өткірші ишемиялық бұзылуын, бас миының травматикалық зақымдануын, бас ауруы нәтижесінде туындайтын неврологиялық белгілерді қоспағанда, ұзақтығы 24 (жиырма төрт) сағаттан артық неврологиялық симптоматиканы (мотор және сенсор қызметтердің бұзылуы) тудыра алатын және ми тінінің жансыздануы, диагноз қойылғаннан кейін 3 (үш) ай ішінде ми инфарктісін тудыратын, қалған құбылыстардың (неврологиялық симптоматика) сақталуына алып келген геморрагия және эмболия кіретін инсульт (ми инфаркты).

172.Қолқа тармақтарының ауруларын хирургиялық емдеуді қоспағанда, қолқаның ақауы бар жерін кесіп алып тастау және трансплантпен ауыстыру арқылы қолқаның созылмалы ауруларын емдеу мақсатында, қолқаның кеуде және/немесе іштік бөлігін хирургиялық жолмен емдеу.

173.Өткерген ауру немесе сақтандыру арқылы қорғау әрекеті кезеңінде орын адған жазатайым жағдай салдарынан екі көздің көру мүмкіндігін толық, тұрақты және қайтасымсыз жоғалтуы.

174.Вальвулотомияны, вальвулопластиканы және клапандарды ауыстырып орналастырусыз (ауыстырусыз) жүргізілетін емдеудің басқа да түрлерін қоспағанда, осы жағдайлардың тарылуының/жетіспеушілігінің немесе тәсілдерінің дамуы салдарынан жүректің қолқалық, қос жармалы, трикуспидалды немесе пульмоналды клапандарын ұқсас жасанды клапандармен хирургиялық жолмен ауыстыру.

175.Басқа органдарды және тінді ауыстырып қондыруды қоспағанда, жүрек, өкпе, бауыр, ұйқы безі, ащы ішек, бүйрек немесе сүйек майы сияқты өмірлік маңызы бар органдарды ауыстырып қондыру.

176.Жұлын-ми сұйықтығындағы сипатты белгілері мен магнитті-резонанс томография кезінде тіркелетін айрықша зақымдары бар 6 (алты) ай ішінде мотор және сенсорлық қызметтерді миелинсіздендірудің әдеттегі белгілері және бұзушылықтары болатын шашыранды склероз.

177.Гийена-Барре синдромын қоспағанда, сақтандыру арқылы қорғау әрекеті кезінде орын алған жазатайым жағдай салдарынан болған сал ауруы немесе 3 (үш) ай ішінде екі және одан да көп дене мүшесінің қозғалыс қызметінен толық және тұрақты айырылуына алып келген жұлын аурулары.

178.Ангиопластиканы және/немесе күре тамырдағы басқа қозғалыстарды, лапароскопиялық хирургиялық қозғалыстарды қоспағанда, тәждік ангиография бар болса, екі немесе одан да көп тарылған немесе тығындалған тәждік күре тамырды түзету мақсатында, тәждік күре тамырды ашық мүмкіндікпен, айналма тамырлы ұштастыру әдісімен хирургиялық жолмен емдеу.

53-тарау. Сақтандыру жағдайына жатпайтын жағдайлар

179.Осы Сақтандыру қағидасының 22-тарауында көзделген негіздерден басқа, егер Сақтандырылушының ауыр сырқаттануы сақтандыру арқылы қорғау әрекеті кезеңінде келесі

жағдайлардың нәтижесінде тікелей немесе жанама басталған болса, растаушы құжаттар бар болғанда, Сақтандырушы сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуға құқылы:

- 1) ядролық жарылыстың, радиацияның немесе радиоактивті жұқтырудың әсерімен;
- 2) әскери іс-қимылдармен, Сақтандырылушының әскери құралымдардағы қызметімен;
- 3) азаматтық соғыспен, әртүрлі халық толқуларымен, жаппай тәртіпсіздіктермен немесе ереуілдермен;

- 4) қажет қорғаныс жағдайында және аса қажет жағдайда жасалған әрекеттерді қоспағанда, Сақтанушының, Сақтандырылушының және/немесе Пайда алушының сақтандыру жағдайының туындауына бағытталған не оны болдыратын қасақана әрекеттерімен (растаушы құжаттар бар болғанда);

- 5) Сақтанушының, Сақтандырылушының және/немесе Пайда алушының заңнамалық актілерде белгіленген тәртіпте қасақана қылмыстық немесе әкімшілік құқық бұзушылық болып танылған, сақтандыру жағдайымен себепті байланыста болған әрекеттерімен;

- 6) АИТВ-инфекция аурулары;

- 7) өзін-өзі өлтіру әрекеті;

- 8) маскүнемдікпен, алкоголь қолданатын себеп-салдар байланысы бар аурулармен, олардың дамуы алкогольді жүйелі түрді пайдаланумен байланысты;

- 9) медициналық мекеменің білікті дәрігері тағайындаған дәрілер қолданылатын жағдайды қоспағанда, Сақтандырылушының орташа және жоғары деңгейдегі алкогольді масандық жағдайда болуы, Сақтандырылушының есірткілік, токсикоманиялық немесе сақтандыру жағдайының басталуына алып келген немесе онымен себеп-салдарлық байланыстағы өзге де масандық жағдайында болуы;

- 10) Сақтандырылушының осы Сақтандыру қағидасында көзделген қауіпті (экстремалды) әрекеттерді жасауы;

- 13) егер Сақтанушы (Сақтандырылушы) сақтандыруға қабылданған кезде аталған ақпаратты бермеген болса және бұл ақпарат сақтандыру өтінішінде көрсетілмеген болса, кәсіби спорт түрімен шұғылдану.

180.Сақтандырушы осы Сақтандыру қағидасының 52-тарауына сәйкес ауыр сырқатты анықтауға сәйкес келмейтін кез келген аурулардың сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босатылады.

181.Егер ауыр сырқаттың диагнозы сақтандыру арқылы қорғау әрекеті кезеңі басталғанға дейін белгіленетін болса (диагнозы бірінші рет қойылған), Сақтандырушы сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босатылады.

182.Егер ауыр сырқаттың диагнозы сақтандыру арқылы қорғау әрекеті кезеңі басталғаннан бастап 3 (үш) ай ішінде белгіленетін болса (диагнозы бірінші рет қойылған), Сақтандырушы сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босатылады.

183.Сақтандырылушы өзіне ауыр сырқаттың диагнозы сақтандыру арқылы қорғау әрекеті кезеңінде бірінші рет қойылған, диагнозы белгіленген күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде қайтыс болған жағдайда, Сақтандырушы сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босатылады.

54-тарау. Сақтандыру сомасының және сақтандыру төлемінің мөлшері. Сақтандыру төлемін жүзеге асыру тәртібі және мерзімдері

184.Сақтандырылушының ауыр сырқаттануы жағдайында сақтандыруға қатысты сақтандыру сомасының мөлшері сақтандыру шартында көрсетіледі.

185.Сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандыру төлемінің мөлшері сақтандыру сомасынан 100% құрайды.

186.Сақтандырылушының сақтандыру арқылы қорғау әрекеті кезеңінде диагнозы бірінші рет қойылған ауыр сырқаттануы сияқты сақтандыру жағдайы бойынша сақтандыру төлемі Сақтандырылушыға ауыр сырқаттың диагнозы белгіленген күннен бастап ұзақтығы 30 (отыз) күнтізбелік күн өткеннен кейін жүзеге асырылады. Сақтандырылушы осы тармақта көрсетілген кезең өтетін күннен кейінгі келесі күні тірі болған жағдайда, Сақтандырушы Сақтандырылушыға ауыр сырқат диагнозы белгіленген күннен бастап ұзақтығы 30 (отыз) күнтізбелік күн өткеннен кейін Сақтандырылушының сақтандыру арқылы қорғау әрекеті кезеңінде диагнозы бірінші рет

қойылған ауыр сырқаттануы сияқты сақтандыру жағдайының сақтандыру төлемін жүзеге асыру міндеттемелерін орындайды.

187.Сақтандырылушы өзіне ауыр сырқаттың диагнозы белгіленген күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде қайтыс болған жағдайда, Сақтандырылушының сақтандыру арқылы қорғау әрекеті кезеңінде диагнозы бірінші рет қойылған ауыр сырқаттануы сияқты сақтандыру жағдайы бойынша сақтандыру төлемі жүзеге асырылмайды.

188. Сақтандырушы осы Сақтандыру қағидасының 55-тарауында көрсетілген құжаттарды алған күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде сақтандыру шартының осы қосымша талаптары бойынша сақтандыру төлемі біржолғы төлеммен жүзеге асырылады.

189.Сақтандырылушыға сақтандыру төлемі Сақтандыру қағидасының 52-Тарауында көрсетілген, диагнозы бірінші рет қойылған ауыр сырқат бойынша ғана жүзеге асырылады. Сақтандырылушыға диагнозы бірінші рет қойылған ауыр сырқат бойынша сақтандыру төлемі жүзеге асырылғаннан кейін Сақтандырылушының ауыр сырқаттануы жағдайында сақтандыруға қатысты сақтандыру шартының талаптары әрекеті тоқтатылады.

55-тарау. Сақтандыру жағдайының басталғанын растайтын құжаттардың тізбесі

190.Сақтандырылушының сақтандыру арқылы қорғау әрекеті кезеңінде диагнозы бірінші рет қойылған ауыр сырқаттануы сияқты сақтандыру жағдайы басталған кезде, Сақтанушы (Пайда алушы) Сақтандырушыға келесі құжаттарды ұсынуға міндетті:

- 1) Сақтандыру шартының көшірмесін;
- 2) Пайда алушының жеке басын куәландыратын құжатты, оның ЖСН;
- 3) Пайда алушының банктік деректемелерін, банк БСН, БСК, ЖСК, ағымдағы немесе карт-шотын;

- 4) сақтандыру жағдайының белгілері, себептері, залал мөлшері бар оқиғаның басталғанын растайтын тиісті құзыретті органдардың құжаттарын (өрт сөндіру қызметтері, құқық қорғау органдары);

- 5) медициналық мекеме берген және дәрігердің қолымен, осы мекеменің мөрімен куәландырылған медициналық картаның (сырқатнама) үзінді көшірмесін;

- 6) медициналық мекеме берген, медицина саласындағы маманның "ауыр сырқат" диагнозына (сырқатнаманың үзінді көшірмесі, амбулаториялық картаның үзінді көшірмесі, ресми медициналық хаттама, нысан 027-2/у, тиісті мамандандырылған дәрігердің қолы қойылған қорытынды немесе анықтама, ДКК, МӘСК анықтама және т.б.) сәйкес келетін білікті қорытындысынан тұратын құжаттардың түпнұсқалары немесе нотариаттық куәландырылған көшірмелері. Құжаттар берген мекеменің мөрімен куәландырылуы тиіс және онда диагноз туралы мәліметтер, диагнозы қойылған зерттеу нәтижелері, диагноздың бірінші рет қойылған күні, тәждік күре тамырларда операцияларды жүргізу қажеттілігін негіздеу, органдардың ауыстырып қондырылғаны көрсетілуі тиіс;

- 7) диагнозы қойылған зерттеу нәтижелері;

- 8) әдістердің жалпы емханалық (ішке енбеген) әдістерінң деректері:

- биохимиялық зерттеулердің деректері;
- вирусологиялық зерттеулердің деректері;
- гематологиялық зерттеулердің деректері;
- вирусологиялық зерттеулердің деректері;
- иммунологиялық зерттеулердің деректері;
- гистологиялық зерттеулердің деректері;
- микробиологиялық зерттеулердің деректері;
- молекулярлық-биологиялық зерттеулердің деректері;
- химико-токсикологиялық зерттеулердің деректері;
- генетикалық зерттеулердің деректері;
- цитологиялық зерттеулердің деректері;
- сәулелі диагностика деректері (компьютерлік томография, магнитті-резонансты томография, радионуклидтік, ультрадыбыстық, рентгенологиялық диагностика, термография);

- функциялық диагностика деректері (электр кардиографиясы, өңеш арқылы кардиостимуляция, велоэргометрия, электроэнцефалография, реография, миография, спирография, ангиография, энцефалоскопия және т.б.);

- эндоскопиялық диагностика деректері (бронхоскопия, фиброгастродуоденоскопия, колоноскопия, цистоскопия, гистероскопия және т.б.); қажет болса Сақтандырушы құқылы қосымша құжаттарды сұратуға құқылы, бұл құжаттарсыз сақтандыру жағдайының басталғанын белгілеуі мүмкін емес, сондай-ақ сақтандыру төлемін жүзеге асыру туралы шешім қабылдау үшін қажет құжаттарды сұратуға құқылы;

11) "Ауыр сырқат" диагнозын қою және растау үшін деректер жеткіліксіз болған жағдайда, Сақтандырушы өзі көрсеткен медициналық мекемеде Сақтандырылушыны қосымша медициналық куәландыруды тағайындауға құқылы.

191.Сақтандырушы өзінің сұратуында көрсетілген күнгі жағдай бойынша Сақтандырылушының толық медициналық диагнозы көрсетілген денсаулығы жағдайы туралы анықтаманы сұратуға, сондай-ақ Сақтандырушы тағайындаған, соның ішінде сақтандыру жағдайының жағдайларын, себептерін және салдарын тексеру үшін тағайындаған дәрігерлердің Сақтандырылушыны қосымша медициналық тексерулерін талап етуге құқылы.

192.Сақтандырылушы Сақтандырушының сұратуы бойынша Сақтандырылушының денсаулығы жағдайы туралы анықтаманы дәрігерлердің, күтімді жүзеге асыратын тұлғалардың, медициналық мекеменің және уәкілетті мемлекеттік орган қызметкерлерінің беруіне уәкілеттік беруге міндетті.

193.Сақтанушы (Пайда алушы) сақтандыру жағдайының басталғанын растайтын құжаттарды ұсынбаған жағдайда, Сақтандырушы Сақтанушыдан (Пайда алушыдан) сақтандыру жағдайының басталғаны туралы хабарламаны алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей Сақтанушының (Пайда алушының) мекенжайына сақтандыру төлемін жүзеге асыруға қажет, жетпейтін құжаттар туралы хабарламаны жібереді.

194.Егер Сақтанушы осы Тарауда көрсетілген құжаттардың толық емес пакетін ұсынған кезде, өзі ұсынған құжаттар арқылы оқиға дерегін және оның басталған себептерін растауға болатын болса, Сақтандырушы сақтандыру төлемін жүзеге асыру туралы шешімді қабылдауға құқылы.

10-бөлім. Қорытынды ереже

56-тарау. Дауды шешу тәртібі

195.Сақтандыру шартын жасаған тараптар арасындағы барлық дау келіссөздер арқылы шешіледі. Егер мұндай дау келіссөздер арқылы шешілмейтін болса, заңнамаға сәйкес сот тәртібінде шешілуі тиіс.

57-тарау. Қосымша талаптар

196.. Сақтандыру шартына қатысты кез келген хабарламалар, өтініштер, хабарландырулар, түсініктемелер жазбаша орындалып, оның жіберілгенін растай алатын тәсілмен жолдануы тиіс.

197. Тараптар осы Сақтандыру қағидасына және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сақтандыру шартының талаптарын орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін жауап береді.

198.Тараптар арасындағы сақтандыру шартында реттелмеген қатынастар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес реттеледі.

199.Егер Қазақстан Республикасы заңнамасының өзгеруі нәтижесінде осы Сақтандыру қағидасының жекелеген ережесі Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келетін болса, бұл ереже Сақтандыру қағидасына тиісті өзгертулерсіз автоматты түрде күшін жоғалтады. Егер осы Сақтандыру қағидасының ережесінің бірі жарамсыз болса, бұл қалған ережені қозғамайды. Жарамсыз ереже тиісті қатынасқа заңды түрде жол берілетін және реттелетін ережемен ауыстырылады.

200.Осы Сақтандыру қағидасы қазақ және орыс тілдерінде әзірленді. Сақтандыру қағидасының қазақ және орыс тілдеріндегі мәтіндерінің айырмашылығы бар болған жағдайда, басымдық Сақтандыру қағидасының орыс тіліндегі мәтініне беріледі.